



Павлодар педагогикалық университетінің
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского педагогического университета

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

4'2021

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Ж.О. Жилбаев, председатель правления-ректор ППУ, канд. пед. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Зам. главного редактора

Б.А. Жетписбаева, доктор пед. наук, профессор (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

Ответственный секретарь

А.Н. Ахмульдинова, старший преподаватель (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Члены редакционной коллегии

• *Серия «Психолого-педагогическое образование»*

Л.С. Сырымбетова (научный редактор серии), кандидат пед. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

А.Ж. Аплашова, кандидат психол. наук, ассоциированный профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

О.Г. Смолянинова, доктор пед. наук, профессор (СФУ, г. Красноярск, Россия)

Л.А. Шкутина, доктор пед. наук, профессор (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

М.И. Оразхановна (тех.секретарь серии), кандидат филол. наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

• *Серия «Социально-гуманитарное образование»*

З.К. Темиргазина (научный редактор серии), доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Бекен Сағындықұлы, доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

К.С. Ергалиев, кандидат филол. наук, ассоциированный профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.П. Синячкин, доктор филол. наук, профессор (РУДН, г. Москва, Россия)

С.А. Осокина, доктор филол. наук, профессор (АлтГУ, г. Барнаул, Россия)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

С.В. Николаенко, доктор пед. наук, профессор (ВГУ им. П.М. Машерова, г. Витебск, Беларусь)

Малгожата Лучик, хабилитированный доктор наук, профессор (Зеленогурский университет, г. Зелена-Гура, Польша)

Ж.Б. Ибраева, кандидат филол. наук, доцент (КазНацЖенПУ, г. Алматы, Казахстан)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.А. Клименко, доктор соц. наук, профессор (Советник Исполнительного комитета СНГ, г. Минск, Беларусь)

• *Серия «Естественно-математическое и техническое образование»*

Ж.К. Шоманова (научный редактор серии), доктор техн. наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

В.В. Ларечкин, доктор техн. наук, профессор (НГТУ, г. Новосибирск, Россия)

А.С. Жумаханова, кандидат химических наук (ИТКЭ им. Д.В. Сокольского, г. Алматы, Казахстан)

Р.З. Сафаров, кандидат химических наук, доцент (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан)

А.А. Жубанова, доктор биологических наук, профессор (КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан)

Ж.Д. Мусаев (тех. секретарь серии), магистр педагогики (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

• *Серия «Менеджмент в образовании»*

О.Б. Боталова (научный редактор серии), кандидат педагогических наук (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Г.Р. Аспанова, доктор философии (PhD) (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

З.Е. Жумабаева, кандидат педагогических наук, профессор (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

А.Ж. Мурзалинова, доктор педагогических наук, профессор (Филиал АО «НЦПК «Орлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, Казахстан)

Б.А. Тургунбаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан)

Р.К. Сережникова, доктор педагогических наук, профессор (Санкт-Петербургский военный ордена Жукова институт войск национальной гвардии Российской Федерации, г. Санкт-Петербург, Россия)

Т.Ю. Шелестова, доктор философии (PhD) (КарУ им. Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан)

А.Т. Жандилова (тех.секретарь серии), магистр (ППУ, г. Павлодар, Казахстан)

Технический секретарь: Ж.Б. Узыканов

Тематическая направленность журнала «Педагогический вестник Казахстана»: педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование.
Периодичность: 4 номера в год. Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский.

© Павлодарский педагогический университет

*Жаратылыстану-математикалық және техникалық білім
Естественно-математическое и техническое образование*

С.С. Смагулова, Б.А. Найманов, Ә.Б. Найманова Көрсеткіштік теңсіздіктерді шешудің әртүрлі тәсілдері	5
Е.М. Байсарин, Б.А. Найманов, Ә.Б. Найманова Функцияның қасиеттерін әртүрлі есептер шығарғанда қолдану	14

*Әлеуметтік-гуманитарлық білім
Социально-гуманитарное образование*

М.Е. Жармухамедова, М.С. Кулахметова Лингводидактический аспект применения материалов СМИ в развитии иноязычных компетенций обучающихся	26
А.С. Ахметов, И.Р. Темиргалиев Актуальные вопросы правового воспитания	38
Д.К. Аубакирова, А.Б. Раисова Шет тілі сабағында оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудағы кейбір мәселелер	45
А.Е. Каримова, Д.Б. Омаров Реформы в системе казахстанского образования в советский период ...	54
Д.А. Касенова, А.Қ. Жетпісбай Ағылшын тілін БАҚ арқылы оқытудың тиімділігі.....	64
Ы.Б. Шақаман, Д.І.Тұрдалы Қазақ тіліндегі мәтін түзілімінің зерттелу сипаты	76

*Психологиялық-педагогикалық білім
Психолого-педагогическое образование*

А.С. Батаева Кейс-метод в преподавании физики как средство достижения освоения образовательной программы	84
А.Ж. Аплашова, Н.Б. Камалиденова, Г.С. Аяпбергенова, Ж.Т. Кенжебаева, А.Е. Мухаметкаиров Педагогтің кәсіби-тұлғалық дамуын психологиялық сүйемелдеу.....	98
А.Қ. Нұрғалиева, Ақ.Қ. Нұрғалиева Жалпы білім беретін мектептегі оқу үдерісінде тестілеудің тиімділігін тексеру.....	110

А.Ж. Аплашова, Р.К. Сергазин, Г.С. Аяпбергенова, Ж.Ж. Сергазина, А.Е. Мухаметкаиров Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық мамандықтар түлектерінің маңызды құзыреті ретінде	124
Е.А. Чехлова Роль математического образования в формировании коммуникатив- ных компетенций младших школьников.....	132
А.Ж. Аплашова, М.Е. Койкенова, Г.С. Аяпбергенова, А.Е. Мухаметкаиров Болашақ педагог-психологтардың эмоционалды интеллекті мен жасөспірімдер тобының іс-әрекеті	138
А.М. Тулегенова, М.С. Қулахметова Принципы иноязычного обучения студентов неязыковых специальностей	147

*Жұмыс тәжірибесінен
Из опыта работы педагога*

Д.Р. Онтагарова, М. Ахметжанова Оқушылардың тілдік құзіреттілік дағдысын қалыптастырудың әдіс – тәсілдері мен технологиялары	159
Zh.D. Karashasheva Alternative (mathematical) approaches of fuzzy logic and use MATLAB program management.....	173
З.Ш. Шавалиева, А. Сламбекова Студенттердің кәсіби-педагогикалық даярлығының сапасын бағалаудың өлшемдері	180
С.Т. Касимов Активные формы обучения на уроках физики в условиях обновления содержания образования.....	185

Хроника

Г.Ж. Курмангазина, Г.М. Тохметова Педагогические идеи Аль-Фараби	190
Авторларға арналған ереже Правила для авторов	195

УДК 517.18
МРНТИ 27.23.15

С.С. Смагулова¹, Б.А. Найманов¹, Ә.Б. Найманова¹

*¹ Жаратылыстану жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: serikovna-2019@mail.ru*

КӨРСЕТКІШТІК ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДІҢ ӘРТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІ

***Аңдатпа.** Математикалық білім есеп арқылы тексеріліп келеді және сол арқылы тексеріле береді де. Есеп шығару үдерісі теориялық білімді практикада қолдану, есепті шығарудың нақты жолын таңдап алу, оны жаңа есеп шығаруға пайдалану біліктерімен қатар шығармашылық қисынды ойлау, есте сақтау, елестету, байқау және т.б сияқты қасиеттерін дамытады.*

Математиканы оқыту жүйесіндегі есептерді шешудің нәтижелеріне талдау жасағанда оқушылардың көрсеткіштік функцияның оқыту әдістерін игеру барысында олардың тәжірибелік қолданыс табуының мардымсыздығы, көрсеткіштік функцияның оқыту әдістемесін біртұтас жүйе екендігіне көзқарастың қалыптаспағандығы. Бұл кемшіліктер қазіргі таңда оқушылардың математикаға деген қызығушылығының төмендеуінің және алгебрадан көрсеткіштік функцияға байланысты есептерді шешуде қателіктердің болуының бірден-бір себебі деп айтуға болады.

Мектептегі математика курсына көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу маңызды орын алады. Көрсеткіштік функцияның қасиеттерін пайдаланып есептерді шешу тәсілдерін оқушыларға саналы да, сапалы да меңгерту, тақырыптар бойынша игерген білімді жетілдіру үшін осы мақалада көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу әдістерін жетілдіру мақсатында олардың түрлеріне классификация жасадық. Мақалада көрсеткіштік функцияның қасиеттері пайдаланып теңсіздіктерге байланысты есептерді шешу тәсілдерін жетілдіру мақсатында көрсеткіштік теңсіздіктерді шешудің әдістері және кейбір стандарт емес түрлерінің шешу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, бұл жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер нақты мысалдармен бекітілген.

***Тірек сөздер:** функция, көрсеткіштік теңдеу, көрсеткіштер теңсіздік, әдіс-тәсілдер.*

Кіріспе

Еліміздің егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп бүкіл әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін, саясатын танытатын шаққа жетіп отыр. Еліміздің елдігін танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ сондықтан да еліміздің болашағы жас жеткіншектің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Ал осы балғын жеткіншектерге жол көрсетуші, бағыт беруші мектеп мұғалімдері.

Сондықтан адал ниет жас жеткіншектерге білім мен тәрбие есігін ашу мектеп мұғалімдеріне абыройлы да жауапты жұмыс жүктейді. Өйткені білім-тәрбиенің негізі, демек, баланың жеке басының қалыптасу кезеңі мектеп қабырғасында қаланады.

Мектептегі математика курсына көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу маңызды орын алады. Оқулық авторларына байланысты бұл тақырып 10–11 сыныпта оқытылады. ҰБТ тапсырмаларында көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер, теңсіздіктер жиі кездеседі. Сондықтан көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін зерттеуге ерекше назар аудару керек. Жоғарыда айтылғандардан таңдалған тақырыптың өзектілігі, болашақ математика мұғалімі үшін осы тақырыпты қарастыру қажеттілігі туындайды.

Материалдар және әдістер

Есеп шығару үдерісі теориялық білімді тәжірибеде қолдану, есептер шығарудың нақты жолын таңдап алуы, оны жаңа есеп шығаруға пайдалану, логикалық шығармашылық қисынды ойлауды дамыту, есте сақтау, елестету, байқау т.б. сияқты қасиеттерді дамытады (Василевский, 1988).

Көрсеткіштік функция ұғымы кейбір оқулықтар мен оқу материалдарында ұсынылған мағлұматтардың білім алушыларға түсініксіз болғандықтан есепті шығару барысында қиындықтарды туғызады.


Көрсеткіштік функцияның қасиеттерін пайдаланып теңсіздіктерге байланысты есептерді шешу тәсілдерін жетілдіру мақсатында көрсеткіштік теңсіздіктерді шешудің әдістері және кейбір стандарт емес түрлерін шешу жолдарын көрсете кетейік.

1. Көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттерін пайдаланып теңсіздіктердің екі жақ бөлігін де бірдей негізге келтіру әдісі (Локоть, 2004).

Мысал 1. Теңсіздікті шешіңдер: $\left(\frac{3}{4}\right)^{6x+10-x} < \frac{27}{64}$.

Шешуі: $\left(\frac{3}{4}\right)^{6x+10-x^2} < \left(\frac{3}{4}\right)^3$ $a = \frac{3}{4} < 1$, яғни $0 < \frac{3}{4} < 1$.

Олай болса $6x + 10 - x^2 > 3 \Leftrightarrow x^2 - 6x - 7 < 0 \Leftrightarrow (x - 7)(x + 1) < 0$



Жауабы: $(-1; 7)$

2. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару.

Мысал 2. Теңсіздікті шешіңдер $x^2 \cdot 5^x - 5^{2+x} \leq 0$.

Шешуі: $5^{2+x} = 25 \cdot 5^x$ берілген теңсіздікте ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарамыз.

$x^2 \cdot 5^x - 25 \cdot 5^x \leq 0$, $(x^2 - 25) \cdot 5^x \leq 0$, ал $5^x > 0$ кез келген x -тің мәнінде, онда соңғы теңсіздік мына теңсіздікпен мәндес.

$$(x^2 - 25) \leq 0 \Leftrightarrow (x - 5)(x + 5) \leq 0 \Leftrightarrow -5 \leq x \leq 5.$$

Берілген теңсіздіктің шешімі $-5 \leq x \leq 5$ (Шыныбеков, 2020).

3. $f(a^x) \geq 0$ теңсіздігін $t = a^x$ белгілеу көмегімен $\begin{cases} t > 0 \\ f(x) \geq 0 \end{cases}$ жүйесін шешуге

келтіріледі, содан кейін оған сәйкес қарапайым көрсеткіштік теңсіздіктерді шешеді.

$$Aa^{2x} + Ba^x + c \leq 0 \quad (1)$$

$A \neq 0$, $a > 0$ ($a \neq 1$) теңсіздігі $t = a^x$ белгілеу арқылы

$$\begin{cases} t > 0 \\ At^2 + Bt + C \leq 0 \end{cases} \quad (2)$$

жүйесін шешуге келтіріледі. $At^2 + Bt + C$ үшмүшенің $D = B^2 - 4AC$ (дискриминанты).

1. Егер $D < 0$ және $A < 0$ болса, онда жүйенің екінші теңсіздігінің кез келген мәнінде дұрыс және $t > 0$ сондықтан (1) теңсіздіктің кез келген мәнінде дұрыс.

2. Егер $D < 0$ және $A > 0$ болса, онда (2) жүйенің екінші теңсіздігінің шешімі болмайды, олай болса теңсіздіктің де шешімі болмайды.

3. Егер $D \geq 0$ және $t_1 t_2 - At^2 + Bt + C$ үшмүшенің түбірлері ($t_1 \leq t_2$) онда

а) $A < 0$ және $t_2 \leq 0$ болса, (2) жүйе кез келген үшін дұрыс; олай болса (1) теңсіздік x -тің кез келген мәнінде дұрыс.

ә) $A < 0$ және $t_2 \leq 0$ және $t_2 > 0$ болса (2) жүйе $t > t_2$ болғанда дұрыс сондықтан (1) теңсіздік $a^x \geq t_2$ теңсіздігімен мәндес.

б) $A < 0$ және $t_2 \leq 0$ болса, (2) жүйе теңсіздікпен мәндес, ал теңсіздік қарапайым көрсеткіштік теңсіздіктер $\begin{cases} a^x \leq t_1 \\ a^{x^2} \geq t_2 \end{cases}$ жиынтығымен мәндес.

в) $A > 0$ және $t_2 \leq 0$ болса, (2) жүйенің, сондай-ақ (1) теңсіздіктің шешімі болмайды.

г) $A > 0$ және $t_1 \leq 0, t_2 > 0$ болса, (2) жүйе $0 < t \leq t_2$ теңсіздігімен мәнделес, олай болса (1) теңсіздік $a^x \leq t_2$ теңсіздігімен мәнделес яғни жүйемен мәнделес.

д) $A > 0$ және $t_1 > 0$ болса, (2) жүйе $t_1 \leq t \leq t_2$ теңсіздігімен мәнделес; олай болса (1) теңсіздік $t_1 \leq a^x \leq t_2$ теңсіздігімен мәнделес, яғни $\begin{cases} a^x \geq t_1 \\ a^x \leq t_2 \end{cases}$ жүйемен мәнделес (Семенов, 2015).

Мысал 3. Теңсіздікті шеш: $4^{-x+0.5} - 7 \cdot 2^{-x} - 4 < 0$.

Шешуі: $t = 2^{-x}$ белгілейміз.

$$\begin{cases} t > 0 \\ 2t^2 - 7t - 4 < 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} t > 0 \\ 2\left(t + \frac{1}{2}\right)(t - 4) < 0 \end{cases} \Leftrightarrow 0 < t < 4.$$

Берілген теңсіздік $2^{-x} < 4 \Leftrightarrow -x < 2; x > -2$. Теңсіздіктің шешімі $(-2; +\infty)$.

4. Негіздері геометриялық прогрессия құрайтын әртүрлі үш саннан тұратын және осы негіздері бірдей дәрежеге дәрежеленетін x -ке тәуелді көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу айнымалыны ауыстыру арқылы квадрат теңсіздікті шешуге келтіріледі.

Мұндай теңсіздіктердің дербес түрлері:

$$\alpha a^{f(x)} + \beta b^{f(x)} + \gamma c^{f(x)} \geq 0 \quad (3)$$

$$\alpha a^{f(x)} + \beta b^{f(x)} + \gamma c^{f(x)} \leq 0 \quad (4)$$

мұндағы $a \neq 0$, γ -нақты сандар, $f(x)$ – функция, ал негіздері a, b, c келесі $b^2 = ac$ шартын қанағаттандырады.

Мысал 4. Теңсіздікті шеш: $3 \cdot 7^{2x} + 37 \cdot 140^x \leq 26 \cdot 20^{2x}$ теңсіздігін шешіндер.

Шешуі: $3 \cdot 49^x + 37 \cdot 140^x - 26 \cdot 400^x \leq 0$.

Осы теңсіздікте 49, 140 және 400 сандары еселігі $20/7$ болатын геометриялық прогрессияның қатарлас үш мүшесі екендігін байқауға болады.

Теңсіздіктің екі жағын да 400^x -ке бөлеміз:

$$3 \cdot \left(\frac{7}{20}\right)^{2x} + 37 \cdot \left(\frac{7}{20}\right)^x - 26 \leq 0.$$

Енді $t = \left(\frac{7}{20}\right)^x$ белгілейміз, сонда

$$\begin{cases} t > 0 \\ 3t^2 + 37t - 26 \leq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} t > 0 \\ 3(t+13)\left(t - \frac{2}{3}\right) \leq 0 \end{cases} \Leftrightarrow 0 < t \leq \frac{2}{3}.$$

Ал берілген теңсіздік $\left(\frac{7}{20}\right)^x \leq \frac{2}{3}$ теңсіздігімен мәнделс. Теңсіздіктің екі жағын да $\frac{7}{20}$ негізде логарифмдейміз. $x \geq \log_{\frac{7}{20}} \frac{2}{3}$ шешімі болады. Сонымен берілген теңсіздіктің шешімі де $x \geq \log_{\frac{7}{20}} \frac{2}{3}$ (Есмұқан, 2002).

$$\text{Жауабы: } \left(\log_{\frac{7}{20}} \frac{2}{3}; +\infty \right).$$

5. Кейбір көрсеткіштік теңсіздіктерді шешу алгебралық біртекті теңсіздіктерді шешуге келтіріледі.

$$a_0 f^n(x) + a_1 f^{n-1}(x)g(x) + a_2 f^{n-2}(x)g^2(x) + \dots + a_{n-1} f(x)g^{n-1} + a_n g^n(x) \geq 0 \quad (5)$$

мұндағы a_0, a_1, \dots, a_n – сандар, $a \neq 0$, ал $f(x), g(x)$ – функциялар.

Мысал 5. Теңсіздікті шеш: $2^{2x^2-6x+3} + 6^{x^2-3x+1} \geq 3^{2x^2-6x+3}$

Шешуі: Теңсіздік $8 \cdot 2^{2(x^2-3x)} + 6 \cdot 2^{x^2-3x} \cdot 3^{x^2-3} - 27 \cdot 3^{2(x^2-3x)} \geq 0$ теңсіздігімен мәнделс, бұл теңсіздік – біртекті теңсіздік.

$$8 \cdot f^2(x) + 6f(x) \cdot g(x) - 27 \cdot g^2(x) \geq 0.$$

мұндағы $f(x) = 2^{x^2-3x}$, $g(x) = 3^{x^2-3x}$.

x -тің кез келген мәнінде $3^{x^2-3x} > 0$, берілген теңсіздіктің екі жағын да $3^{2(x^2-3x)}$ -ке бөліп, оған мәнделс $8 \cdot \left(\frac{2}{3}\right)^{2(x^2-3x)} + 6 \cdot \frac{2^{x^2-3x}}{3} - 27 \geq 0$ теңдеуін алдық. $\left(\frac{2}{3}\right)^{x^2-3x} = y$ деп белгілейміз, сонда $8y^2 + 6y - 27$ үшмүшесінің түбірлері: $\frac{3}{2}$ және $-\frac{9}{4}$ сандары.

Алғашқы теңсіздік: $\left[\begin{array}{l} \left(\frac{2}{3}\right)^{x^2-3x} \leq -\frac{9}{4} \\ \left(\frac{2}{3}\right)^{x^2-3x} \geq \frac{3}{2} \end{array} \right.$ теңсіздіктер жиынтығымен мәндес, осы

жиынтықты шешеміз. Бірінші теңсіздіктің шешімі жоқ. Екінші теңсіздікті шешеміз

$$\begin{aligned} \left(\frac{2}{3}\right)^{x^2-3x} \geq \frac{3}{2} &\Leftrightarrow \left(\frac{2}{3}\right)^{x^2-3x} \geq \left(\frac{2}{3}\right)^{-1} \Leftrightarrow x^2 - 3x \leq -1 \Leftrightarrow \\ &\Leftrightarrow x^2 - 3x + 1 \leq 0 \Leftrightarrow \frac{3 - \sqrt{5}}{2} \leq x \leq \frac{3 + \sqrt{5}}{2}. \end{aligned}$$

Сонымен бұл алғашқы теңсіздіктің шешімі болады.

6. Кейбір көрсеткіштік теңсіздіктің құрамында өрнектер болады.

Анықтама бойынша $f(x)^{g(x)} = a^{g(x)\log_a f(x)}$, $a > 0$, $a \neq 1$, яғни $f(x)^{g(x)}$ функциясы $f(x)$, $g(x)$ функциялары анықталғанда ғана және $f(x)$ болғанда анықталады (Локоть, 2004).

Мысал 6. Теңсіздікті шеш: $(x-2)^{x^2-6x+8} > 1$.

Шешуі: Теңсіздіктің анықталу облысы $x > 2$ шартымен анықталады.

$$\Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} (x-2)(x-4) > 0 \\ \lg(x-2) > 0 \end{array} \right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x < 2 \\ x > 4 \\ x-2 > 1 \end{array} \right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x > 4 \\ 2 < x < 4 \\ 2 < x < 3 \end{array} \right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x > 4 \\ 2 < x < 3 \end{array} \right.$$

Берілген теңсіздіктің шешімі: $(2;3) \cup (4;+\infty)$.

7. $f(x)^{g(x)} > f(x)^{h(x)}$ теңсіздігі $f(x) > 0$ және $f(x) \neq 1$ болғанда келесі теңсіздіктер жүйелерінің жиынтығымен мәндес:

$$\left[\begin{array}{l} 0 < f(x) < 1 \\ g(x) < h(x); \\ f(x) > 1 \\ g(x) > h(x). \end{array} \right.$$

Мысал 7. Теңсіздікті шеш: $|x+1|^{x^2+x} \leq |x+1|^3$.

$$\text{Шешуі: } |x+1|^{x^2+x} \leq |x+1|^3 \Leftrightarrow \begin{cases} 0 < |x+1| < 1 \\ x^2 + 2x \geq 3; \\ |x+1| \geq 1 \\ x^2 + 2x \leq 3. \end{cases}$$

$$\text{Жиынтықтың бірінші жүйесін шешеміз: } \begin{cases} x \neq -1 \\ -1 < x+1 < 1, \\ x^2 + 2x - 3 \geq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x \neq -1, \\ -2 < x < 0, \\ (x+3)(x-1) \geq 0 \end{cases}$$

Жүйенің шешімі болмайды. Екінші жүйені шешеміз.

$$\begin{cases} |x+1| \geq 1, \\ x^2 + 2x \leq 3 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x+1 \geq 1, \\ x+1 \leq -1; \\ x^2 + 2x - 3 \leq 0 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x \geq 0, \\ x \leq -2 \\ (x+3)(x-1) \leq 0 \end{cases}$$

Жүйенің шешімі: $[-3; -2] \cup [0; 1]$, берілген теңсіздіктердің де шешімі болады.

Нәтижелері

Қарастырылып отырған мақаланың негізгі нәтижелеріне орта мектепте оқытылатын көрсеткіштік теңсіздіктерді шешудің әртүрлі тәсілдері жатады. Әсіресе осы жерде қиындатылған есептерге назар аударып, оларға нақты мысалдар келтірілген.

Талқылау

Қазіргі кезде мектептегі барлық сыныптар математиканы оқытудың жаңартылған мазмұнына толықтай көшті. Ол туралы мектеп мұғалімдері мен әдіскерлер көптен бері айтып жүрді. Осы форматта оқудың бір артықшылығы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру болып табылады.

Қорытынды

Математиканы оқыту жүйесіндегі есептерді шешудің нәтижелеріне талдау жасағанда оқушылардың көрсеткіштік функцияның оқыту әдістерін игеру барысында олардың тәжірибелік қолданыс табуының мардымсыздығы, көрсеткіштік функцияның оқыту әдістемесін біртұтас жүйе екендігіне көзқарастың қалыптаспағандығы. Бұл кемшіліктер қазіргі таңда оқушылардың математикаға деген қызығушылығының төмендеуінің және алгебрадан көрсеткіштік функцияға байланысты есептерді шешуде қателіктердің болуының бірден-бір себебі деп айтуға болады. Есептерді шешу шығармашылық іс әрекеттің түрі, ал шешуді іздестіру ойлап тапқыштық процесс екені есте сақтау жөн. Стандарт емес есептерді шешу есеп-

тер шешудегі амал – әрекеттерді әрдайым терең талдаудың және әртүрлі есептерді шешуге үнемі жаттығып отырудың нәтижесінде меңгеріп алуға болатын өнер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Василевский А.Б. Обучение решению задач по математике: Учеб. пособие для пед. институтов. – Минск: Высшая школа, 1988. – 255 с.
2. Есмұқан М.Е. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар. – Көкшетау, 2002. – 27 бет.
3. Локоть В.В. Показательные и логарифмические уравнения, неравенства, системы. – М.: АРКТИ, 2004. – 96 с.
4. Семенов А.А., Ященко И.В. и др. Математика. Решение заданий повышенного и высокого уровня сложности: Учебное пособие. – М.: Интеллект-Центр, 2015. – 128 с.
5. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныпқа арналған оқулық, 2-бөлімді. – Алматы: Атамұра, 2020. – 192 бет.

REFERENCE

1. Vasilevskij A.B. Obuchenie resheniyu zadach po matematike: Ucheb. posobie dlya ped. institutov. – Minsk: Vysshaya shkola, 1988. – 255 s.
2. Esmұқан M.E. Kөrsеткиshitik zhәне logarifmdik funkciyalar. – Kөkshetau, 2002. – 27 bet.
3. Lokot' V.V. Pokazatel'nye i logarifmicheskie uravneniya, neravenstva, sistemy. – M.: ARKTI, 2004. – 96 s.
4. Semenov A.A., YAshchenko I.V. i dr. Matematika. Reshenie zadaniy povyshennogo i vysokogo urovnya slozhnosti: Uchebnoe posobie. – M.: Intellekt-Centr, 2015. – 128 s.
5. SHynybekov Ә.N., SHynybekov D.Ә., ZHұmabaev R.N. Algebra zhәне analiz bastamalary: ZHalpy bilim беретin mектеptiң zharatylystanu-matematika barytyndaғы 11-synypқа арналған оқулық, 2-bөlimdi. – Almaty: Atamұra, 2020. – 192 bet.

С.С. Смагулова¹, Б.А. Найманов¹, А.Б. Найманова¹

Различные способы решения показательных неравенств

¹ Павлодарский педагогический университет,
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

S.S. Smagulova¹, B.A. Naymanov¹, A.B. Naymanova¹

The various methods of solving exponential inequalities

¹ Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация. Математические знания подвергались и будут подвергаться проверке. Процесс решения задач развивает умение применять теоретические знания на практике, выбирать конкрет-

ный способ решения задачи, использовать его в новой задаче, а также творческое логическое мышление, память, воображение, наблюдательность и др.

При анализе результатов решения задач в системе обучения математике отмечается незначительность их практического применения при разработке методики обучения показательной функции, отсутствие взглядов на то, что показательная функция представляет собой единую систему обучения. Эти недостатки можно рассматривать как одну из причин современного снижения интереса учащихся к математике и ошибок при решении задач, связанных с показательной функцией в алгебре.

Решение показательных и логарифмических уравнений и неравенств играет важную роль в школьном курсе математики. В целях совершенствования знаний учащихся о методах решения задач с использованием свойств показательной функции как осознанно, так и качественно, в данной статье мы классифицировали их виды с целью усовершенствования методов решения показательных неравенств. В статье рассматриваются методы решения показательных неравенств и способы решения некоторых нестандартных видов с целью усовершенствования методов решения задач, связанных с неравенствами, с использованием свойств показательной функции. Кроме того, методы, использованные в данной работе, подкреплены конкретными примерами.

Ключевые слова: функция, показательное уравнение, показательное неравенство, метод.

Summary. Mathematical knowledge continues to be tested through calculus. The process of creating a report develops such qualities as creative logical thinking, memory, imagination, observation, etc., along with the ability to apply theoretical knowledge in practice, choose a specific way to create a report, and use it to create a new report.

In the analysis of the results of solving problems in the system of teaching mathematics, the insignificance of students' practical application in mastering the teaching methods of the indicative function, the lack of an approach to the fact that the teaching methods of the indicative function are a single system. These shortcomings are one of the reasons for the decline in students' interest in mathematics and the presence of errors in solving problems related to the exponential function from Algebra.

An important place in the school mathematics course is occupied by solving exponential and logarithmic equations and inequalities. In order for students to master both consciously and qualitatively the methods of solving problems using the properties of the indicator function, to improve the acquired knowledge on the topics, in this article, in order to improve the methods of solving indicator inequalities, we have compiled a classification into their types. In order to improve approaches to solving problems related to inequalities using the properties of an exponential function, the article considers methods for solving exponential inequalities and ways to solve some non-standard types. In addition, the methods used in this work are supported by specific examples.

Keywords: function, exponential equation, exponential inequality, method.

УДК 51
МРНТИ 27.01.45

Е.М. Байсарин¹, Б.А. Найманов¹, Ә.Б. Найманова¹

¹ Жаратылыстану жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы.
e-mail: ertasb@mail.ru

ФУНКЦИЯНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН ӘРТҮРЛІ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРҒАНДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Бұл мақалада жалпы орта білім беру мектептеріндегі математика пәнін оқытуда функция қасиеттерін қолданылуы қарастырылады. Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттырудың тәсілдерінің бірі олардың алған білімдерін басқа тақырыптарда қолдануға болатынын, яғни алған білімнің қажет болатынын көрсету керек. Математика пәнін оқыту барысында оқушыларға кейбір есептерді шығаруда қиындықтар кездеседі. Есептерді белгілі бір алгоритм бойынша шығару мүмкін болмайды. Оқушыларға функция қасиеттерін «функция» тақырыбынан басқа тақырыптардың есептерін шығаруда қолдануға болатынын көрсетіледі. Кейбір геометриялық есептерді де шешу барысында да функцияның қасиеттерін қолдануға болатындығы нақты мысалдармен көрсетілген. Көптеген теңдеулерді немесе теңсіздіктерді оқушылар белгілі бір алгоритм бойынша шешуге тырысады. Мақалада осындай мәселелерді функция қасиеттерін қолданып шешудің жолдары көрсетілген. Теңсіздіктерді дәлелдеу де функция қасиеттерін қолдануға болатыны да келтірілген. Мақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыруда функция қасиеттерінің де қосатын үлесі бар екені анықталады. Осы мақалада жоғарыда көрсетілген барлық мәселелерді қарастыруда нақты мысалдар берілген. Бұл мақала жалпы білім беру мектептерінің математика пәні мұғалімдері мен оқушыларға арналған.

Тірек сөздер: функция, функция қасиеттері, теңдеу, теңсіздік.

Кіріспе

Өткен ғасырдағы математиканың ерекше дамуы осы ежелгі ғылымдардың ұзақ тарихында теңдесі жоқ. XVIII ғасырдан бастап қабылданған математиканың бөлімдері тұрақты өсті, бірақ, сонымен бірге мүлдем жаңа, таңқаларлық жағдайда пайда болды және олардың көпшілігі тез арада дамып, танымал болды. Функциялар тарихы, олар алғаш дамыған түрінде, алгебралық функциялар мен олардың интегралдарының теориясы болып табылады. Функцияны сол кездерде есептер

шығарғанда қолдана бастады. Мысалы, XII ғасырда Иран математигі Шараф ад-Дин ат-Туси $x^3 + d = b \cdot x^2$ теңдеуін $x^2 \cdot (b - x) = d$ түріне келтіріп, теңдеудің сол жағы d -ға тең болу керек екенін және сол жағын функция ретінде қарастырып, оның максималды мәнін қарастырған.

1640 жылға жуық аналитикалық геометрияның дамуы математиктерге қисықтардың геометриялық есептері мен « x және y айнымалы координаттары» арасындағы алгебралық қатынастар арасында ауысуға мүмкіндік берді. XVIII ғасырда сақталған геометриялық мағынасы бар айнымалылар ұғымын қолдана отырып жасалды. «Функция» терминологиясы 17 ғасырдың аяғында Лейбниц пен Бернуллидің өзара әрекеттесуінде қолданыла бастады.

«Функция» терминін Готтфрид Лейбниц, 1673 жылы координаталар немесе көлбеу сияқты қисық нүктелермен байланысты шаманы сипаттау үшін сөзбе-сөз енгізген. Иоганн Бернулли бір айнымалыдан тұратын өрнектерді «функциялар» деп атай бастады. 1698 жылы ол Лейбницпен «алгебралық және трансцендентальды түрде» пайда болған кез келген шаманы x функциясы деп атауға болатындығы туралы келісті. 1718 жылға қарай ол «айнымалы және кейбір тұрақтылардан тұратын кез келген өрнек» функциясы ретінде қарастырыла бастады.

Функция математикадағы маңызды ұғымдардың бірі. Онда нақты әлемнің өзгергіштігі мен динамикасы, нақты объектілер мен құбылыстардың өзара шарттылығы бейнеленген. Орта мектеп курсына «Функция» тақырыбы 6-сыныптан басталып, 11-сыныпқа дейін оқылады. Әр функцияны қарастырғанда, оны пайдаланып қолданбалы немесе басқа тақырыптардың есептерін шығарған дұрыс. Көптеген есептер шығарғанда функцияның қасиеттерін қолдануға болады. Мысалы, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде, ең үлкен немесе ең кіші өлшемді ұзындықты, ауданды, көлемді табу үшін қолдануға болады. Теңсіздіктерді дәлелдегенде де функция қасиеттерін қолдануға болады.

Функционалдық тәуелділіктерін зерттеуде функционалды тәуелділікке әкелетін нақты өмірлік жағдайларды қарастырса оқушылардың қызығушылығы да артады. Функцияның графигін салу арқылы, яғни графиктік тәсілмен шығаруға болатын есептерді де қарастыруға болады.

Материалдар және әдістер


Доға мен кесіндінің ұзындықтарын салыстыру

Математика мұғалімдерінің шығармашылық сайысына қатысқанда кездескен геометриялық есепті функция қасиеттерін қолданып шығарған болатынын. 1-мысалда сол есепті қалай шығарғаным көрсетілген.

1-мысал. ABC теңбүйірлі үшбұрышында центрі C нүктесінде AB табанын жайнайтын шеңбер бүйір қабырғаларын A_1 және B_1 нүктелерінде қияды. Пайда болған AA_1B_1B трапециясында табандарына параллель жүргізілген DE кесіндісі трапеци-

яны екі ұқсас трапецияға бөледі. DE кесіндісі мен шеңбердің трапеция ішіндегі доғасын салыстырыңыз.

Шешуі. F – шеңбер мен AB табанының жанасу нүктесі (1-сурет).



1-сурет

CF радиус болғандықтан, CF кесіндісі AB кесіндісіне перпендикуляр. Теңбүйірлі үшбұрыштың табанына түсірілген биіктік әрі медиана, әрі биіктік болатындықтан, CF түзуі ABC үшбұрышының симметрия өсі болады. Үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісі бойыншы $\triangle BCF = \triangle ACF$, ($BC = AC$, $BF = AF$, $\angle B = \angle A$) $\angle B_1CF = \angle A_1CF$ және $B_1C = CF = A_1C = R$, $l_{A_1F} = l_{B_1F}$, $l_{A_1B_1} = l_{A_1F} + l_{B_1F} = 2l_{A_1F}$.

Есептің шарты бойынша $DE \parallel AB$ осыдан $\angle CGE = \angle CFA = 90^\circ$ (Сәйкес бұрыштар) мұндағы G – DE және CF кесінділерінің қиылысу нүктесі, $\triangle DCG = \triangle ECG$ – ортақ катет). $\triangle DCG$ және $\triangle ECG$, $DG = GE$, $DE = DG + EG = 2EG$.

$$CF = R \text{ болсын, } \angle ACF = \alpha, \angle ACB \in (0; \pi), \alpha = \frac{\angle ACB}{2}, \alpha \in \left(0; \frac{\pi}{2}\right). \\ l_{A_1F} = R\alpha$$

$\triangle A_1CH$ тікбұрышты үшбұрышында $A_1H = A_1C \sin \alpha = R \sin \alpha$ мұндағы H – A_1B_1 және CF кесінділерінің қиылысу нүктесі.

$$\triangle ACF \text{ тікбұрышты үшбұрышынан } AF = CF \operatorname{tg} \alpha = R \operatorname{tg} \alpha.$$

$$\text{Есептің шарты бойынша } EA_1B_1D \text{ и } AEDB \text{ ұқсас, } \frac{A_1B_1}{DE} = \frac{DE}{AB}, A_1B_1 = 2A_1H,$$

$$DE = 2GE, AB = 2AF \Rightarrow \frac{A_1H}{GE} = \frac{GE}{AF} \Rightarrow GE = \sqrt{A_1H \cdot AF} = \sqrt{R \sin \alpha \cdot R \operatorname{tg} \alpha} = R \sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha}.$$

Енді GE және l_{A_1F} салыстырайық. Ол үшін $GE - l_{A_1F}$ айырмасын қарастырамыз. $GE - l_{A_1F} = R \sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha} - R\alpha = R \left(\sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha} - \alpha \right)$.

$f(x) = \sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha} - x$ функциясын қарастырамыз, мұндағы $x \in \left(0; \frac{\pi}{2}\right)$ және функция осы аралықта үздіксіз, $\sin x > 0$, $\cos x > 0$, $\operatorname{tg} x > 0$.

Функцияның туындысын табамыз:

$$\begin{aligned} f'(x) &= \frac{1}{2\sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x}} \cdot \left(\cos x \cdot \operatorname{tg} x + \sin x \cdot \frac{1}{\cos^2 x} \right) - 1 = \frac{1}{2\sqrt{\sin x \cdot \frac{\sin x}{\cos x}}} \cdot \left(\cos x \cdot \frac{\sin x}{\cos x} + \sin x \cdot \frac{1}{\cos^2 x} \right) - 1 = \\ &= \frac{\sqrt{\cos x}}{2 \cdot |\sin x|} \cdot \left(\sin x + \sin x \cdot \frac{1}{\cos^2 x} \right) - 1 = \frac{\sqrt{\cos x}}{2 \cdot |\sin x|} \cdot \sin x \cdot \left(1 + \frac{1}{\cos^2 x} \right) - 1 = \left| \frac{\sin x > 0}{|\sin x| = \sin x} \right| = \\ &= \frac{\sqrt{\cos x}}{2} \left(1 + \frac{1}{\cos^2 x} \right) - 1 = \frac{\sqrt{\cos x}}{2} \cdot \frac{1}{\cos x} \cdot \left(\cos x + \frac{1}{\cos x} \right) - 1 = \frac{1}{2\sqrt{\cos x}} \cdot \left(\cos x + \frac{1}{\cos x} \right) - 1 = \\ &= \frac{1}{\sqrt{\cos x}} \cdot \frac{\cos x + \frac{1}{\cos x}}{2} - 1. \end{aligned}$$

Коши теңсіздігі бойынша $\frac{\cos x + \frac{1}{\cos x}}{2} \geq \sqrt{\cos x \cdot \frac{1}{\cos x}}$, мұндағы және $\frac{1}{\cos x}$ оң сандар.

$$\frac{\cos x + \frac{1}{\cos x}}{2} \geq 1.$$

$\frac{1}{\sqrt{\cos x}} > 1$, себебі $0 < \cos x < 1$ және $0 < \sqrt{\cos x} < 1$ мұндағы $x \in \left(0; \frac{\pi}{2} \right)$.

$$\frac{1}{\sqrt{\cos x}} \cdot \frac{\cos x + \frac{1}{\cos x}}{2} > 1,$$

$$\frac{1}{\sqrt{\cos x}} \cdot \frac{\cos x + \frac{1}{\cos x}}{2} - 1 > 0,$$

$f'(x) > 0 \Rightarrow f(x) = \sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x} - x$ функциясы $\left(0; \frac{\pi}{2} \right)$ аралығында өспелі.

$f(x) = \sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x} - x$ функциясы $\left[0; \frac{\pi}{2} \right)$ аралығында үздіксіз және $f'(0) > 0$ болғандықтан, $f(x) = \sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x} - x$ функциясы $\left[0; \frac{\pi}{2} \right)$ аралығында өспелі. Осыдан,

$$x > 0 \Rightarrow f(x) > f(0), f(0) = 0.$$

$$f(x) > 0,$$

$$\sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x} - x > 0,$$

$$\sqrt{\sin x \cdot \operatorname{tg} x} > x,$$

$$\sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha} > \alpha,$$

$$R\sqrt{\sin \alpha \cdot \operatorname{tg} \alpha} > R\alpha,$$

$$GE > l_{AF},$$

$$2GE > 2l_{AF},$$


$$DE > l_{AB_1}$$

Жауабы. DE кесіндісі шеңбердің трапеция ішіндегі доғасынан үлкен.

2-мысал. K нүктесінен шамасы α -ға тең болатын бұрыштың қабырғаларына дейінгі арақашықтықтардың қосындысы m -ға тең. K нүктесі арқылы бұрыштың биссектрисасына жүргізілген. α -ның қандай мәнінде пайда болған үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусы ең кіші болатынын табыңыз. (Шарыгин, 1991)

Шешуі. BO – AOB бұрышының биссектрисасы. AC – K нүктесі арқылы BO биссектрисасына перпендикуляр түзу (2-сурет). Осыдан $AB = BC$. K нүктесінен AB қабырғасына дейінгі ара қашықтық EK , ал BC қабырғасына дейінгі ара қашықтық DK . Есептің шарты бойынша $EK + DK = m$.

$$S_{\triangle ABC} = \frac{1}{2} \cdot AB^2 \cdot \sin \alpha.$$



2-сурет

$$S_{\Delta ABC} = S_{\Delta ABK} + S_{\Delta BCK} = \frac{1}{2} AB \cdot EK + \frac{1}{2} AB \cdot DK = \frac{1}{2} AB \cdot m.$$

$$\frac{1}{2} AB^2 \cdot \sin \alpha = \frac{1}{2} AB \cdot m.$$

$$AB = \frac{m}{\sin \alpha}.$$

ABC үшбұрышына сырттай сызылған шеңбер радиусы

$$R = \frac{AB}{2 \sin A} = \frac{m}{2 \sin\left(\frac{\pi}{2} - \frac{\alpha}{2}\right) \sin \alpha} = \frac{m}{2 \sin \alpha \cos \frac{\alpha}{2}} = \frac{m}{2 \sin \frac{\alpha}{2} \left(1 - \sin^2 \frac{\alpha}{2}\right)}.$$

R ең кіші мәнді қабылдау үшін бөлшектің бөлімі яғни, $2 \sin \frac{\alpha}{2} \left(1 - \sin^2 \frac{\alpha}{2}\right)$

өрнегі ең үлкен мәнді қабылдауы тиіс. Сондықтан $f(x) = 2x(1 - x^2)$ функциясының ең үлкен мәнін табу қажет. Мұндағы, $0 \leq x \leq 1$.

$$f(x) = 2x - 2x^3.$$

$$f'(x) = (2x - 2x^3)' = 2 - 6x^2.$$

$$f'(x) = 0.$$

$$2 - 6x^2 = 0.$$

$x = -\frac{1}{\sqrt{3}}$, $0 \leq x \leq 1$ шартын қанағаттандырмайды.

$x = \frac{1}{\sqrt{3}}$, $0 \leq x \leq 1$ шартын қанағаттандырады.

$f(x) = 2x(1 - x^2)$ функциясы $x = \frac{1}{\sqrt{3}}$ болғанда, ең үлкен мән қабылдайды.

$$\sin \frac{\alpha}{2} = \frac{1}{\sqrt{3}},$$

$$\frac{\alpha}{2} = \arcsin \frac{1}{\sqrt{3}},$$

$$\alpha = 2 \arcsin \frac{1}{\sqrt{3}}.$$

Жауабы: $2 \arcsin \frac{1}{\sqrt{3}}$.

Теңсіздіктерді дәлелдеу

Кейбір теңсіздіктерді дәлелдегенде функцияның мынадай қасиеттерін қолдануға болады:

1. Егер $f(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінде үздіксіз және $[a; c]$ кесіндісінде кемитін, ал $[c; b]$ кесіндісінде өсетін болса, онда $f(x)$ функциясы $[d; e]$ кесіндісінің шеткі нүктелерінің бірінде ең үлкен мән қабылдайды, мұндағы $a \leq d < e \leq b$.

2. Егер $f(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінде үздіксіз және $[a; c]$ кесіндісінде өсетін, ал $[c; b]$ кесіндісінде кемитін болса, онда $f(x)$ функциясы $[d; e]$ кесіндісінің шеткі нүктелерінің бірінде ең кіші мән қабылдайды, мұндағы $a \leq d < e \leq b$.

Басқаша айтатын болсақ, егер $f'(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінде өсетін болса, онда $f(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінің шеткі нүктелерінің бірінде ең үлкен мән қабылдайды, ал, егер $f'(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінде кемитін болса, онда $f(x)$ функциясы $[a; b]$ кесіндісінің шеткі нүктелерінің бірінде ең кіші мән қабылдайды.

3-мысал. $(a+b+c)^2 < 4(ab+bc+ac)$ теңсіздігін дәлелдеңіз, мұндағы a, b, c – үшбұрыш қабырғалары. (Седракян, 2002)

Дәлелдеуі. Егер $b \geq c$ болса, онда $b-c < a < b+c$.

$$(a+b+c)^2 - 4(ab+bc+ac) < 0.$$

$[b-c; b+c]$ кесіндісіндегі $f(a) = (a+b+c)^2 - 4(ab+bc+ac)$ функциясын қарастырайық. Сонда жақшаларды ашып, ықшамдайтын болсақ $f(a) = a^2 - 2(b+c)a + (b-c)^2$. Бұл квадраттық функция және оның графигі тармақтары жоғары бағытталған парабола болғандықтан, $f(a)$ функциясы $[b-c; b+c]$ кесіндісінің шеткі нүктелерінің бірінде ең үлкен мән қабылдайды.

$$f(b-c) = (b-c)^2 - 2(b+c)(b-c) + (b-c)^2 = (b-c)(b-c-2b-2c+b-c) = -4c(b-c) \leq 0.$$

$$f(b+c) = (b+c)^2 - 2(b+c)(b+c) + (b-c)^2 = (b-c)^2 - (b+c)^2 = -4bc < 0.$$

Осыдан $f(a) = (a+b+c)^2 - 4(ab+bc+ac)$ функциясы $[b-c; b+c]$ кесіндісінде теріс мәндер қабылдайды, яғни $(a+b+c)^2 - 4(ab+bc+ac) < 0$ немесе $(a+b+c)^2 < 4(ab+bc+ac)$.

4-мысал. $\frac{a}{b+c+1} + \frac{b}{c+a+1} + \frac{c}{a+b+1} + (1-a)(1-b)(1-c) \leq 1$ теңсіздігін

дәлелдеңіз, мұндағы $0 \leq a, b, c \leq 1$. (Седракян, 2002)

Дәлелдеуі. $f(a) = \frac{a}{b+c+1} + \frac{b}{c+a+1} + \frac{c}{a+b+1} + (1-a)(1-b)(1-c)$ функция-

сын қарастырамыз. Мұндағы $0 \leq a \leq 1$. Осы функцияның туындысы

$$f'(a) = \frac{a}{b+c+1} - \frac{b}{(c+a+1)^2} - \frac{c}{(a+b+1)^2} - (1-b)(1-c)$$

немесе $f'(a) = \frac{a}{b+c+1} - (1-b)(1-c) - \left(\frac{b}{(c+a+1)^2} + \frac{c}{(a+b+1)^2} \right)$. Бұл функция $[0; 1]$

аралығында өспелі. Себебі, $f''(a) = \frac{1}{b+c+1} + \frac{2b}{(c+a+1)^3} + \frac{2c}{(a+b+1)^3} > 0$, мұндағы

$0 \leq a, b, c \leq 1$. Сондықтан $f(a) = \frac{a}{b+c+1} + \frac{b}{c+a+1} + \frac{c}{a+b+1} + (1-a)(1-b)(1-c)$

функциясы ең үлкен мәнді $a = 0$ немесе $a = 1$ нүктесінде қабылдайды. Егер

a -ның орнына 0 -ді немесе 1 -ді қойып, $f(b) = \frac{b}{c+1} + \frac{c}{b+1} + (1-b)(1-c)$ немесе

$f(b) = \frac{1}{b+c+1} + \frac{b}{c+2} + \frac{c}{b+2}$ функциялары да ең үлкен мәнді немесе нүктесінде

қабылдайды.

Теңсіздіктің сол жағы a, b, c айнымалыларына қатысты симметриялы болғандықтан, теңсіздіктің сол жағы $(0; 0; 0)$, $(0; 0; 1)$, $(0; 1; 1)$, $(1; 1; 1)$ үштіктерінде ең үлкен мән, яғни 1 -ді қабылдайды. Ал, қалған жағдайда 1 -ден кіші болады.

Теңдеулерді шешу

Кейбір теңдеулерді түрлендіру, айнымалыны алмастыру, қарапайым теңдеуге келтіру немесе қандай бір алгоритм арқылы шешу мүмкін болмайды. Енді осындай теңдеулерді шешуге мысалдар.

5-мысал. $\log_{\sqrt{8+2\sqrt{6}}}(x^2 - 3x + 2) = \log_{1+\sqrt{6}}(x^2 - 3x + 1)$ теңдеуін шешіңіз. (Шыныбеков, 2020)

Шешуі. $\log_{\sqrt{8+2\sqrt{6}}}(x^2 - 3x + 2) = \log_{1+\sqrt{6}}(x^2 - 3x + 1)$ теңдеуінің екі жағын да $\frac{1}{2}$ -ге көбейтіп, мынадай теңдеу аламыз:

$$\log_{8+2\sqrt{6}}(x^2 - 3x + 2) = \log_{(1+\sqrt{6})^2}(x^2 - 3x + 1) \text{ немесе}$$

$$\log_{8+2\sqrt{6}}(x^2 - 3x + 2) = \log_{7+2\sqrt{6}}(x^2 - 3x + 1).$$

Енді $8 + 2\sqrt{6} = a$, $x^2 - 3x + 2 = b$ жаңа айнымалыларын енгізсек, теңдеу мынадай түрге келеді:

$$\log_a b = \log_{a-1}(b-1), \quad a > 1, b > 1.$$

$$\frac{\ln b}{\ln a} = \frac{\ln(b-1)}{\ln(a-1)},$$

$$\frac{\ln(a-1)}{\ln a} = \frac{\ln(b-1)}{\ln b},$$

$f(z) = \frac{\ln(z-1)}{\ln z}$ функциясын қарастырайық, мұндағы $z > 1$. Бұл функцияны

бірсарындылыққа зерттейтін болсақ,

$$f'(z) = \left(\frac{\ln(z-1)}{\ln z} \right)' = \frac{\frac{\ln z}{z-1} - \frac{\ln(z-1)}{z}}{\ln^2 z} = \frac{z \ln z - (z-1) \ln(z-1)}{z(z-1) \ln^2 z},$$

$$f'(z) = \frac{z \ln z - z \ln(z-1) + \ln(z-1)}{z(z-1) \ln^2 z}.$$

$f'(z) = \frac{z(\ln z - \ln(z-1)) + \ln(z-1)}{z(z-1) \ln^2 z} > 0$, себебі, $z > 0$, $f(a) = \ln z$ өспелі болғандықтан,

$\ln z - \ln(z-1) > 0$, $\ln(z-1) > 0$, $z(z-1) \ln^2 z > 0$.

$f(z) = \frac{\ln(z-1)}{\ln z}$ функциясы өспелі, сондықтан $\frac{\ln(a-1)}{\ln a} = \frac{\ln(b-1)}{\ln b}$ теңдеуінің

жалғыз ғана түбірі болады. Сонда $a = b$, яғни $x^2 - 3x + 2 = 8 + 2\sqrt{6}$.

$$x^2 - 3x - 6 - 2\sqrt{6} = 0.$$

$$x_1 = \frac{3 - \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}, x_2 = \frac{3 + \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}$$

$\frac{3 - \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}$ және $\frac{3 + \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}$ сандары теңдеудің мүмкін мәндер жиынына тиісті.

Жауабы: $\frac{3 - \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}$ және $\frac{3 + \sqrt{33 + 8\sqrt{6}}}{2}$

6-мысал. $x^4 + 3x^2 - 2x + 1 = 0$ теңдеуін шешіңіз. (Әбілқасымова, 2019)

Шешуі. $x^4 = -3x^2 + 2x - 1$ теңдігінің екі жағын $y = x^4$ және $y = -3x^2 + 2x - 1$ функциялары түрінде қарастырамыз. Осы екі функцияның мәндер облыстарын табатын болсақ, $y = x^4$ функциясының мәндер облысы $[0; +\infty)$ ал $y = -3x^2 + 2x - 1$ функциясының мәндер облысы $\left(-\infty; -\frac{1}{3}\right]$. Олардың қиылысуы

$\left(-\infty; -\frac{1}{3}\right] \cup [0; +\infty) = \emptyset$ болғандықтан екі функция бірдей мән қабылдамайды.

Сондықтан берілген теңдеудің шешімі болмайды.

Жауабы: Шешімі жоқ.

Нәтижелері

Мақалада орта мектепте оқытылатын «Функция» тақырыбына толық талдау жасалған. Функцияның қасиеттерін пайдалануға бірнеше күрделі есептер шығарылуымен келтірілген. Осы есептерді мектепте сабақ жүргізген кезде кеңінен қолдануға болады.

Талқылау

Осы жұмыста математикалық анализ элементтерінің теориясы қолданылды. Олардың ішінде геометриялық есептерді туынды арқылы шығару және әртүрлі теңсіздіктерді дәлелдеу мақалада толығынан берілген. Мектеп мұғалімдері үшін мақалада келтірілген әдістер пайдалы болып табылады.

Қорытынды

Функцияның қасиеттерін тағы басқа көптеген есептерді шығаруда функция қасиеттерін қолдануға болады. Функцияның қасиеттерін қолдануды сызықтық функция тақырыбын бастаған дұрыс. Кез келген функцияны өткенде олардың қасиеттерін қолданып шығаратын есептерді қарастырған дұрыс. Сонда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және мектепте алған білімдерін өмірде қолдануға, өздігінен білім алуына қандай да бір үлес қосуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары: 10 сынып / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә. Жұмағұлова, В.Е. Корчевский. – Алматы: Мектеп, 2019. – 240 б.
2. Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары: 11 сынып / А.Е. Әбілқасымова, З.Ә. Жұмағұлова, В.Е. Корчевский. – Алматы: Мектеп, 2020. – 254 б.
3. Седрабян Н.М., Неравенства. Методы доказательства / Пер. С арм. Г.В. Григоряна. – Москва: ФИЗМАТЛИТ, 2002. – 256 с.
4. Смирнов В.А. Геометрия: 8 сынып / В.А. Смирнов, Е.А. Тұяқов. – Алматы: Мектеп, 2018. – 143 б.
5. Шарыгин И.Ф. Факультативный курс по математике: Решение задач / И.Ф. Шарыгин, В.И. Голубев. – Москва: Просвещение, 1991. – 384 с.
6. Шыныбеков Ә.Н. Геометрия: 8 сынып / Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2018. – 156 б.
7. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра және анализ бастамалары: 10 сынып / Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2019. – 272 б.
8. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра және анализ бастамалары: 11 сынып / Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2020. – 198 б.

REFERENCE

1. Əbilkasymova A.E. Algebra zhəne analiz bastamalary: 10 synyp / A.E. Əbilkasymova, T.P. Kucher, Z.Ə. Zhymarylova, V.E. Korchevskij. – Almaty: Mektep, 2019. – 240 b.
2. Əbilkasymova A.E. Algebra zhəne analiz bastamalary: 11 synyp / A.E. Əbilkasymova, Z.Ə. Zhymarylova, V.E. Korchevskij. – Almaty: Mektep, 2020. – 254 b.
3. Sedrakyan N.M., Neravenstva. Metody dokazatel'stva / Per. S arm. G.V. Grigoryana. – Moskva: FIZMATLIT, 2002. – 256 s.
4. Smirnov V.A. Geometriya: 8 synyp / V.A. Smirnov, E.A. Tyayakov. – Almaty: Mektep, 2018. – 143 b.
5. SHarygin I.F. Fakul'tativnyj kurs po matematike: Reshenie zadach / I.F. SHarygin, V.I. Golubev. – Moskva: Prosveshchenie, 1991. – 384 s.
6. SHynybekov Ə.N. Geometriya: 8 synyp / Ə.N. SHynybekov, D.Ə. SHynybekov, R.N. Zhymabaev. – Almaty: Atamyra, 2018. – 156 b.
7. SHynybekov Ə.N. Algebra zhəne analiz bastamalary: 10 synyp / Ə.N. SHynybekov, D.Ə. SHynybekov, R.N. Zhymabaev. – Almaty: Atamyra, 2019. – 272 b.
8. SHynybekov Ə.N. Algebra zhəne analiz bastamalary: 11 synyp / Ə.N. SHynybekov, D.Ə. SHynybekov, R.N. Zhymabaev. – Almaty: Atamyra, 2020. – 198 b.

Е.М. Байсарин¹, Б.А. Найманов¹, А.Б. Найманова¹

Использование свойств функции при решении различных задач

¹ Высшая школа естествознания,
Павлодарский педагогический университет
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

E.M. Baisarin¹, B.A. Naimanov¹, A.B. Naimanova¹

Using function properties in solving various tasks

¹ Higher School of Natural Sciences,
Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация. В данной статье рассматривается использование свойств функции при изучении математики в общеобразовательных школах. Одним из способов повышения интереса учащихся к математике должно быть указание на то, что полученные ими знания могут быть использованы в других темах, т. е. необходимы полученные знания. В процессе изучения математики у учащихся возникают трудности при решении некоторых задач. Задачи не могут быть решены по определенному алгоритму. Учащимся показано, что свойства функции могут быть использованы при решении задач других тем, кроме темы «функция». На конкретных примерах показано, что даже при решении некоторых геометрических задач можно использовать свойства функции. Многие уравнения или неравенства учащиеся пытаются решить по определенному алгоритму. В статье изложены пути решения подобных задач с использованием свойств функции. Доказательство неравенств также показало, что свойства функции могут быть использованы. В статье определяется вклад свойств функ-

ции в повышение творческих способностей учащихся и повышение интереса к предмету математики. В этой статье приведены конкретные примеры при рассмотрении всех вышеуказанных вопросов. Данная статья предназначена для учителей математики и учащихся общеобразовательных школ.

Ключевые слова: функция, свойства функции, уравнение, неравенство.

When studying the reforms of the Soviet period, it is necessary to note both the positive consequences – the elimination of illiteracy, the opening of schools, technical schools and institutes, and the negative consequences – the transition to the Latin alphabet, to the Cyrillic alphabet, the reduction in the number of schools with the Kazakh language of instruction, the ambiguous reforms of Khrushchev, the inefficiency of the period of «stagnation», The dependence of education on seniority, economic problems of the period of «perestroika».

Now Kazakhstan, striving to become one of the most developed countries, is creating its own education system, seeking to accumulate the most positive aspects of the world's educational systems in the reform of education renewal, while preserving, at the same time, ethnopedagogy as a basis.

Keywords: education reform, elimination of illiteracy, loss of ethnic identity, general education, vocational education, higher and postgraduate education.

УДК 372.881.111.1
МРНТИ 14.25.09

Д.А. Касенова¹, А.Қ. Жетпісбай¹

*¹ Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы.
e-mail: kitsuldinaraa@mail.ru*

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БАҚ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аңдатпа.** Мақалада ағылшын тілі сабағында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың рөлі мен ерекшеліктері және шет тілін оқытудағы әртүрлі тәсілдер қарастырылады. Бүгінгі таңда түрлі ақпарат құралдарының пайда болуы және олардың оқу процесінде кеңінен қолданылуы жүріп жатыр. Зерттеу жұмысының мақсаты – ағылшын тілін үйретуде бұқаралық ақпарат құралдарын қолданудың тиімді жолдарын көрсету. Бұқаралық ақпарат құралдары сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуға мүмкіндік береді және ең тиімді құралдардың бірі болып табылады. БАҚ пайдалану оқушылардың тілдік қабілеттерінің қалыптасуына оң ықпал етеді, тілдік және сөйлеу әрекетін автоматтандырады, оқушылар тілдік құбылыстарды түсінеді, коммуникативті жағдаяттармен танысады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеке тұлғаның дамуына әсер береді және оқушылардың өзіндік жұмысын жандандыруды да қамтамасыз етеді.*

Практикалық бөлімде ағылшын тілі сабағында лексикалық дағдыларды дамытуда ақпарат құралдарын пайдалану әдіс ретінде қарастырылады. Оқушылардың лексикалық дағдыларын дамытуда БАҚ қолдану тиімділігінің диагностика (сауалнамалық талдау) нәтижесі берілген. Сондай-ақ, БАҚ пайдалана отырып лексикалық дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар жинағы берілген.

Тірек сөздер: БАҚ, ағылшын тілін оқыту, лексикалық дағды, коммуникативтік дағды, орта мектеп, әдіс.

Кіріспе

ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Біздің алдымызда ақпарат таратудың жаңа формаларына бағытталған білім беру бағыттарын құру міндеті тұр» деп көрсетілген [1]. Әлеуметтік тапсырысқа сәйкес білім ошақтары, яғни жалпы білім беретін мектептер, мамандандырылған кәсіптік білім беру орталықтары, жоғары оқу орындары, түрлі ғылыми-зерттеу институттары өз ұсыныстарын ортаға салуда. Сондықтан білім беру жүйесін реформалау, педагогикалық әдістер – жаңа, мазмұнды, сапалы тәсілдер ең маңызды міндет болып тұрған осынау шешуші кезеңде ағылшын тілі мұғалімдерінің көп жылғы тәжірибесін жаңа технологиямен ұштастыра алуын айта кеткен жөн.

Жоғарыда айтылғандар біздің зерттеуіміздің өзектілігін дәлелдейді. Сондықтан Н.В. Баграмова атап өткендей, шет тілдерін оқытуды оңтайландыру қажеттілігін түсіну оқытудың әдістері мен әдістерінің ең жақсы үйлесімін таңдаудың және оларды ең үлкен нәтиже бере алатын жағдайларда қолданудың маңыздылығы туралы ойға әкеледі [2, 112].

Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз – ақпаратты көпшілікке жеткізудің барлық арналарын біріктіретін ұғым. Оған баспасөз, кітап баспалары, баспа агенттіктері, радио, теледидар және т.б. жатады. БАҚ құрамына ақпаратты жаппай жинауды, өңдеуді және таратуды қамтамасыз ететін әлеуметтік институттар кіреді.

Зерттеулерге сүйенсек, БАҚ-тың негізгі түрлері:

- радио-акустикалық, сөздік-дыбыстық жазбалар;
- басып шығару – ауызша және графикалық ақпараттар;
- көркем-бейнелі фильмдер;
- теледидардағы ақпараттар – интеграцияланған акустикалық және көркем-шығармашылық бағдарламалар;
- компьютерлік технологиялар (интернет) – ауызша, акустикалық, көркемдік-шығармашылық және басқа да әсер ету мүмкіндіктерін пайдаланатын тұтынушының ақпараттық ағындар мен жедел дербес немесе шығармашылық ақпараттар.

Шетел тілін оқытуда БАҚ бұрыннан пайдаланылып келе жатыр. Бұл туралы В.В. Сафонова 'Шетел тілі сабақтарында теледидар, кино және компьютерлік технологиялар қолданысы үлкен мүмкіндіктеріне ие' деп баға береді [3, 63].

БАҚ пен телеарналарының сандық өсуінен, оларды техникалық қайта жарақтандырудан басқа қазіргі кезде интернет арқылы көп қолданамыз. БАҚ құралдары арқылы тарап жатқан ақпараттар легі шексіз өсуде. Мемлекеттік, тәуелсіз және коммерциялық ақпарат арналарымен қатар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың баспа басылымдарының кеңеюі, олардың қоғамдық пікірді қалыптастыруға әсерінің күшеюі байқалады. Мұның бәрі адамның күнделікті өмірінде хабарлардың, үндеулердің үздіксіз өсіп келе жатқан ағынына тап болатындығын көрсетеді. Біздің әрқайсымызға күн сайын жүздеген түрлі хабарлама әсер етеді және біз солардың нысанына айналамыз. Ағылшын тілін оқытуда осынша ақпаратты пайдалану мүмкін емес. Біз оларды тақырыпқа сай, ықшамдап қолдана білуіміз керек.

Компьютерлік технологиялар одан да үлкен әсерге ие, өйткені олар тұтынушыны ақпараттық материалдың белсенді серіктесі ретінде ұсынады. Тұтынушы өзі тиісті ақпаратқа қол жеткізеді және онымен өзара әрекеттеседі. Компьютерлік технологиялар пайдаланушының қатысуын белсендіруге, белсенділікті ынталандыруға, қызығушылықты дамытуға және т.б. мүмкіндік береді.

Осы ретте Е.Н. Соловова БАҚ негізгі функцияларына тоқталады, олар:

- қоғамдық-саясиықпалету (белгілі бір саяси міндеттерді шешу);
- тәрбиелік әсер (идеология, құндылықтар, патриотизм жәнет.б.);
- ақпараттық сауаттылық: бір нәрсе туралы хабардар болу, ақпаратты жинау, өңдеу, тарату жәнесақтау;
- оқыту және ағарту ісі: кәсіби қызығушылық танытатын аудитория, көкжиекті кеңейту;
- көркем және репродуктивті қызметі: өзінің маңызды әлеуметтік-мәдени белгілерін сақтаған өнер туындысын өзгерту;
- көркем-өнер қызметі: өнердің ерекше түрінің туындыларын тарату – жарнама, телешоулар, радио драмалар, телефильмдер және басқалар. Бұл ретте ақпаратты түпнұсқада жеткізу орыналады;
- ойын-сауық қызметі: бос уақытты жағымды демалыспен, ойын-сауықпен (музыка, кино жәнет.б.) толтыру [4, 96].

Теориялық бөлімді түйіндей келе айтарымыз, ағылшын тілін оқытуда БАҚ әсерінің нәтижелері әртүрлі болуым үмкін. Олар белгілі бір салдарларды тудыратын ақыл-ой (танымдық), мінез-құлық, орнату және физиологиялық салаларға әсер етеді. Атап айтқанда:

– мінез-құлық салдарына әсер беру. БАҚ ұсынған қызмет түрі көрерменге арналған нұсқаулық болып табылады. Кейіннен ол ұқсас мақсатқа қол жеткізудегі практикалық қызметін және БАҚ ұсынған тиісті іс-қимыл тәртібін анықтайтын нұсқаулық немесе негіз болады;

– білімнің қалыптасуы. Белгілі бір жағдайларда, БАҚ әсерінен көрермен тиісті қондырғыларды қалыптастырады. Олар өте тұрақты, бұл көрерменнің қарым-қатынасына, оның әрекеттеріне айтарлықтай әсер етеді;

– танымдық әсер. БАҚ ұсынған ақпараттың әсерінен көрермендердің білімі мен дүниетанымы өзгереді. Бұл олардың хабардар болуында, пайымдауларында көрінеді.

Жалпы қазіргі уақытта ағылшын тілі жаһандық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие бола отырып (жалпы компьютерлендірудің көмегімен) тіл үйренушілердің қазіргі өмір жағдайларына лингвистикалық және әлеуметтік бейімдеу міндеті жүктелген. Халықаралық және ұлтаралық қарым-қатынас деңгейіне көтерілген тілдік тұлға ағылшын тілінде өз ойларын білдіру дағдыларына ие болуы керек. БАҚ қолданысы тілдік қарым-қатынас пен мотивацияны қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ағылшын тілін оқытудың тиімді тәсілі ретінде БАҚ ең маңызды орынға шығады.

Зерттеу әдістері: Зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың әдебиеттерін салыстыру, бақылау, талдау, тұжырымдау әдістері қолданылды. Ағылшын тілін үйретуде БАҚ қолданысының оқушылардың мотивациясы мен білімі қалыптасу деңгейіне әсерін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – БАҚ қолданысына оқушылардың пікірі мен оның ағылшын тілін үйретудегі тиімділігін анықтау болды. Сауалнамаға 11 сыныптың 18 оқушысы қатысты.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ағылшын тілін оқу үдерісіне барлық қатысушылардың өзара әрекеттесуін білдіретін мұндай жаттығулар тіл үйренушілер шағын топтарда жұмыс істеп, барлық жауапкершілікті көбіне күштірек оқушыға аударатындықтан немесе мәселені талқылауда интерактивті түрде өтпейді. олардың ана тілі. Сондықтан тәрбиеші пікірталасқа басқа топ мүшелерін қатыстырып, сол арқылы топаралық интерактивті байланысты ұйымдастыруы керек.

Сонымен *интерактивті әдістер* келесі мүмкіндіктерге ие:

- оқытудың коммуникативті бағыттылығы;
- барлық сөйлеу дағдыларын біріктіру;
- өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықтың әртүрлі формалары
- жұптық және топтық жұмыс;

- сөздік қорын кеңейту және жаңа жағдайларда лексикалық бірліктерді белсендіру;
- сөйлеу және жазу арқылы грамматикалық материалды бекіту;
- жұмыс дәптеріндегі материалды және жасөспірімдердің өзекті тақырыптарын пайдалана отырып, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тексеру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамыту.

Леонтьев, А.А. Шетел тілін оқытуда мотивацияны арттыру мәселесі мұғалімнен оны шешудің жаңа тәсілін, атап айтқанда, оқытудың жетілдірілген ұйымдастырушылық формалары мен әдістемелік әдістерін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануды талап етеді. Бірақ айта кету керек, ұсынылған материалдар, БАҚ-да материалдарды мұқият іріктеу керек [5].

Шет тілдерін оқыту әдістемесі білім беру процесінде бұқаралық ақпарат құралдарын ауызша шет тілдік қарым-қатынасты оқытудың тиімді құралы ретінде және сонымен бірге оқу іс-әрекетінің табиғи нәтижесі ретінде қолдануды қамтиды. И.Н. Горелов, К.Ф. Седов өз жазбаларында БАҚ арналары «ауызша, жазбаша және визуалды функцияларды қабылдаған әлеуметтік коммуникацияның үлкен бөлігі» ретінде әрекет етеді деп түйіндейді [6].

Б.А. Грушиннің пікірінше, шынайы БАҚ-тың оқыту әдістемесіндегі ерекше рөлі адамның айналасындағы пәндік әлемнің ажырамас бөлігі, практикалық тәжірибенің органикалық элементі бола отырып, тіл үйренушілерді нақты ақпарат көздеріне барынша жақындатады және тіл үйренушілерді басқа қоғам өкілдері жіберетін өзекті оқиғалар әлеміне «батырады» [7, 92].

Тіл үйренушілердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру мен жетілдірудің құрамдас бөлігі әртүрлі қарым-қатынас жағдайында коммуникативті міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін фронтальды және топтық жұмыс болып табылады [10]. Мұндай тапсырмалар барлығы дерлік әрбір сыныпта бар.

БАҚ қолдану кезінде келесі тапсырма «*Explore. Then ask questions*» жиі қолданыс тапқан. Бұл тапсырма бойынша оқытушы кітабында келесі ұсыныстар да бар: «*If you're ..., how will you do?*». Бұл түрдегі жаттығулар тіл үйренушілерге қажетті ақпаратты алу үшін диалогқа түсуге көмектеседі. «Оқытушы кітабында» біз келесі нұсқауларды табамыз: «*Read the quote and ask the student what the quote tells us about...*».

Біздің ойымызша, мұндай тапсырмалар тіл үйренушілердің ой әрекетін белсендіреді, диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл жаттығуларды тіл үйренушілер мен мұғалім арасындағы интерактивті қарым-қатынаста көрінеді.

Description of objects, portraits оқиғаларды дамытуды қажет етпейді. Ол визуалды күйге назар аударады. Сипаттама бізге статикалық сапақүйін береді.

Егжей-тегжейлі сипаттайтын жауаптар осы мақсат үшін өте пайдалы. Бұл тіл үйренушілердің ауызша, жазбаша түрде сөйлесу қабілетін дамытуға көмектеседі.

БАҚ жүйе ретінде интернет өз пайдаланушыларына көптеген ақпараттар мен ресурстарды ұсынады. Қызметтердің негізгі жиынтығы мыналарды қамтуы мүмкін:

- Телеконференция (usenet);
- Электрондық пошта (e-mail);
- Бейнеконференция;
- Жекелеген ақпарат жариялау, басты бетті (homepage) құру және оны Web – серверге орналастыру мүмкіндігі;
- Анықтамалық каталогтар (Yahoo!, UltraSmart, LookSmart, Galaxy);
- Іздеу жүйелері (Google, Bing, Yahoo, Yandex
- Желіде сөйлесу (Chat).

Бұл ресурстарды ағылшын тілі сабағында белсенді пайдалануға болады. Мысалы, сабақ барысында немесе одан тыс уақытта оқу үшін маңызды ақпаратты электрондық пошта арқылы жіберуге болады.

Телеконференция (ағылш. teleconference) – қатысушылары бір-бірінен географиялық тұрғыдан алшақ орналасқан және телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылатын жиналыс. Телеконференциялар аудиоконференция (дыбыстық құралдарды пайдалана отырып) және бейнеконференция (бейне байланыс құралдарын пайдалана отырып) өткізуге болады. Көбінесе мұндай конференциялар қазіргі уақытта өтеді және осылайша ағылшын тілінде дайын емес ауызша сөйлеуді үйренуге ықпал етеді.

Өз ақпаратыңызды жариялау, өз парақшаңызды жасау және оны веб-серверге орналастыру мүмкіндігі ағылшын тілін және ауызша сөйлеуді игеруге ықпал ететін материалды зерттеу үшін ақпаратты сақтауға, бөлісуге және пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу. Ақпараттық ресурстар – бұл кең мағынада сенімді ақпаратты тиімді алу үшін ұйымдастырылған мәліметтер жиынтығы. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және кітапханалар ақпараттық ресурстардың иелері болғандықтан, оларға қол жеткізу оқу үшін шексіз ақпарат ағынын алуға мүмкіндік береді.

Іздеу жүйелері – бұл әртүрлі аппараттық және бағдарламалық құралдардың жиынтығы, олардың негізгі міндеті әлемдік желіде ақпарат іздеу болып табылады. Орташа пайдаланушыға арналған іздеу жүйесі әдеттегі веб-интерфейспен ұсынылған, ол желідегі интернет-ресурстарда орналастырылған әртүрлі ақпаратты іздеудің қосымша мүмкіндіктерін ұсынады [8, 9].

Осындай тапсырмалар БАҚ материалында ауызша шет тілдесуді оқытудың әдістемелік моделі бола алады. Шет тілінің оқу пәні ретіндегі ерекшелігі оның интегративті сипатында, ол бір мезгілде бірнеше пәндік салалардың – гуманитарлық, жаратылыстану, көркемдік тоғысында оқытудың мақсаты мен құралы болып табылады және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Орта мектептерде шет тілдерін оқытудың жетекші мақсаты тіл үйренушілер арасында тілдік коммуникативтік дағдылардың маңызды түрлері: айтылым, тыңдалым (тыңдау), оқылым және жазылым бойынша қалыптастыру болып табылады. Сөйлеудің пәндік мазмұны қарым-қатынас салаларымен анықталады: әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени, тәрбиелік және еңбекті қамтиды.

Келесі кезекте ағылшын тілін оқытуда қолдануға болатын тиімді жаттығулар үлгісін қарастырып көреміз. Жаттығулар телеарна немесе интернет көмегімен БАҚ материалдарын қарап болған соң оқушылардың тілдік дағдылары мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған:

Task 1. We've talked a lot about various computers. Let's discuss pros and cons of eBook device and real book

Task 2. Read the following words and describe their functions

PC (personal computer), laptop, mobile phone, microwave oven, MP3 player, digital camera, laptop, I-pad, air conditioners, vacuum cleaners, electric kettles, cookers, fridges.

Task 3. Complete the sentences with the correct answer: console, cellular phone, camcorder, computing, sellotape

1. _____ a type of camera that records pictures and sound on videotape
2. _____ is a board that contains the controls for a machine, piece of electrical equipment
3. _____ is a thin clear plastic tape that is sticky on one side, used for sticking things together

stage 3: intercultural-communicative vocational communication

Task 1. Work in pairs and discuss the following questions

1. What is the most useful computer for your mother?
2. What computer or machine can't you do without?
3. What computer can't your father live without?
4. What computer do you use every day?
5. What computer can you easily do without?
6. What is the most useless computer in your household?

Task 2. Think of the latest computer you've owned. Explain its meaning, functions, size, advantages, disadvantages and etc. to the class without naming it. They should guess what computer it is.

Task 3. Choose the correct form of present simple and present continuous

1. Every Monday, Sally (drive) her kids to football practice.
2. Usually, I (work) as a secretary at ABT, but this summer I (research) French at a language school in Paris. That is why I am in Paris.
3. Shhhhh! Be quiet! John (sleep).
4. Don't forget to take your umbrella. It (rain) .
5. I hate living in Seattle because it (rain, always) .
6. I'm sorry I can't hear what you (say) because everybody (talk) so loudly.
7. Justin (write, currently) a book about his adventures in Tibet. I hope he can find a good publisher when he is finished.

Келесі кезекте рөлдік ойындар оқушылардың өз рөлдерін сезінуіне, әлеуметтік ортада маңыздылығы мен рөлін сезінуге мүмкіндік береді:

Task 4. Role-playing game

Student A Journalist

Student B A person from Green Peace

Task make up a role play on some issues of environment

Эксперименттік-тәжірибелік зерттеуде, біз БАҚ материалдарын қолдана отырып, жоғары сынып тіл үйренушілерімен ағылшын тілін оқытудың тиімділігін анықтауды жөн көрдік. Зерттеу нәтижелерін сауалнама және статистикалық эксперимент нәтижелері растады. Ағылшын тілін үйретуде БАҚ қолданысының оқушылардың мотивациясы мен білімі қалыптасу деңгейіне әсерін анықтау үшін біз сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың мақсаты- БАҚ қолданысына оқушылардың пікірі мен оның ағылшын тілін үйретудегі тиімділігін анықтау. Зерттеу нысаны ретінде сауалнама таңдалды, оған 11-сынып оқушылары қатысты.

Келесі сұрақтар ұсынылды:

1. Сіз тұрақты медиа пайдаланушысыз ба?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
2. Сіз ағылшынша бейнематериалдар жиі көресіз бе?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
3. Ағылшын тілін үйренуге деген ықыласыңызға БАҚ әсер ете ме?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде

4. БАҚ негізінде бейнематериалдар жиі пайдаланасыз ба?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
5. БАҚ материалдары ағылшын тілін үйренуге көмектессе ме?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
6. Бейне материалдарды тыңдау және түсіну қиын ба?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
7. БАҚ көмегімен бейнематериалдар көп көресіз бе?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
8. Бейнематериалдарды пайдалану кезінде суреттер көмектесе ме?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде
9. Ағылшынша бейнематериалдарды интернет көмегімен ғана көресіз бе?
 - а) иә
 - ә) жоқ
 - б) кейде

Сауалнамаға 18 оқушы қатысты, олардың интернет көмегімен бейнематериалдарды, жаңалықтарды көруге деген және тыңдауға деген құлшынысы жоғары екендігі байқалды. Оқушылар БАҚ бойынша бейнематериалдарды қолдануды тиімді деп санайды, оған деген қызығушылықтары жоғары екендігін төмендегі диаграмма тәжіжелері дәлелдеп берді.

Статистикалық мәліметтерді қолдана отырып жүргізілген эксперимент нәтижелері бойынша біз мыналарды байқадық. Сауалнама нәтижесі төмендегі тұжырымдарды беруге себеп болды. Қазіргі уақытта ағылшын тілі жаһандық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие болып отыр. Сондықтан тілдік дағдыларды дамытуға қазіргі БАҚ арқылы бейне, аудиоматериалдар тиімді. Ағылшын тілін оқытуда оқушыларды жанды қарым-қатынаста үйрету үшін БАҚ қажет. Халықаралық және ұлтаралық қарым-қатынас деңгейіне көтерілген ағылшын тілін меңгерген тұлға ағылшын тілінде өз ойларын жеткізе білу дағдылары мен білімге ие болуы керек. Осылайша тілдік байланыс ең маңызды орынға шығады. Бірақ қарым-қатынас, өз кезегінде, мотивацияны қажет етеді.




Диаграмма 1. Сауалнама нәтижелері

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде, ағылшын тіліндегі БАҚ материалдарын қолдана отырып, оқушылардың ауызша шет тілдік қарым-қатынасын оқыту процесінің ерекшеліктерін ашатын теориялық тұжырымдар әртүрлі тұрғыдан ғылыми негізделді. Орта мектептерде жаңа технологиялар мен БАҚ құралдарын қолдану арқылы оқыту шетел тілін меңгерудің сапасы мен маңыздылығын арттырады.

Қазіргі таңда орта мектептерде БАҚ құралдарын пайдалан отырып ағылшын тілін оқыту жолға қойылғанымен оны әлі де зерттеу керек. Тіл үйренушілердің тек ағылшын тілін ғана емес, оның тарихы мен ұлттық мәдениетін білуіне де көп көңіл бөлінгені жөн. Бұл олардың шетел тілдеріндегі тілдік дағдылары мен коммуникативтік әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң әсер етеді.

Қорыта келгенде, ағылшын тілін оқытуда БАҚ құралдары феноменін кешенді бірегей күрделі құрылым ретінде әлі де зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңы. Астана, Ақорда, 2017 ж.
2. Баграмова Н.В. Коммуникативно-интерактивный подход как способ повышения эффективности овладения иностранным языком. Вып. 2. – 2005. – С. 18-26.
3. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. – Воронеж: ИСТОКИ, 1996. – 227 с.
4. Чичерина Н.В. Медиа-текст как средство формирования медиаграмотности у студентов языковых факультетов. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 232 с.

5. Леонтьев А.А. Общая методика обучения иностранным языкам: хрестоматия [Текст] / А.А. Леонтьев. – М.: Русский язык, 1991. – 360 с.
6. Горелов И.Н., Седов К.Ф. Основы психолингвистики: учебное пособие. – М.: Лабиринт, 2001. – 304 с.
7. Грушин Б.А. Эффективность массовой коммуникации и пропаганды: понятия и проблемы измерения. – М.: Знание, 1979. – 64 с.
8. Драганова Г.В. О классификации ситуаций в зарубежной литературе / Научные труды МГПИИЯ им. М. Тореца. Вып. 149. – М., 1979.
9. Baituova A., Bekbenbetova K., Islam D., Yerzhanova S. The Development Of Teacher's Multicultural Competence In The Context Of Modern Higher Education – *Astra Salvensis*, V (2017), no. 10, p. 279-295.

REFERENCES

1. Қазақстан Республикасының Ақпараттық және Қарым-қатынас Жүйесі. Астана, Ақорда, 2017 ж.
2. Bagramova N.V. Kommunikativno-interaktivnyj podhod kak sposob povysheniya effektivnosti ovladeniya inostrannym yazykom. Vyp. 2. – 2005. – S. 18-26.
3. Safonova V.V. Izuchenie yazykov mezhdunarodnogo obshcheniya v kontekste dialoga kul'tur i civilizacij. – Voronezh: ISTOKI, 1996. – 227 s.
4. Chicherina N.V. Mediatekst kak sredstvo formirovaniya mediagramotnosti u studentov yazykovykh fakul'tetov. – М.: Izdatel'stvo LKI, 2008. – 232 s.
5. Leont'ev A.A. Obshchaya metodika obucheniya inostrannym yazykam: hrestomatiya [Tekst] / A.A. Leont'ev. – М.: Russkij yazyk, 1991. – 360 s.
6. Gorelov I.N., Sedov K.F. Osnovy psiholingvistiki: uchebnoe posobie. – М.: Labirint, 2001. – 304 s.
7. Grushin B.A. Effektivnost' massovoj kommunikacii i propagandy: ponyatiya i problemy izmereniya. – М.: Znanie, 1979. – 64 s.
8. Draganova G.V. O klassifikacii situacij v zarubezhnoj literature / Nauchnye trudy MGPIIYA im. M. Toreza. Vyp. 149. – М., 1979.
9. Baituova A., Bekbenbetova K., Islam D., Yerzhanova S. The Development Of Teacher's Multicultural Competence In The Context Of Modern Higher Education – *Astra Salvensis*, V (2017), no. 10, p. 279-295.

Д.А. Касенова¹, А.Қ. Жетпісбай¹

Эффективность обучения английскому языку через СМИ

¹ Павлодарский педагогический университет
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

D.A. Kassenova¹, A.K. Zhetpisbai¹

The effectiveness of teaching English through the media

¹ Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация. В данной статье рассматриваются роль и особенности использования СМИ на уроках английского языка и различные подходы в обучении иностранному языку. На сегодняшний день отмечается появление большого количества различных СМИ и их широкое применение в процессе образования. СМИ позволяют тренировать различные виды речевой деятельности и является одним из эффективных средств. Цель исследования – показать эффективные способы использования средств массовой информации в обучении английскому языку. Использование СМИ также способствуют формированию лингвистических способностей, автоматизируют языковые и речевые действия, осознать языковые явления, создают коммуникативные ситуации. СМИ также обеспечивают реализацию индивидуального подхода и интенсификацию самостоятельной работы обучающихся. В практической части рассматривается методика использования СМИ в развитии лексических навыков на уроках английского языка. Приводится диагностика эффективности использования СМИ в развитии лексических навыков студентов (результаты анкетирования). Также представлен комплекс заданий с использованием СМИ, направленных на развития лексических навыков.

Ключевые слова: СМИ, обучение английскому языку, лексические навыки, коммуникативные навыки, средняя школа, метод.

Summary. This article discusses the role and features of the use of the media in English lessons and various approaches to teaching a foreign language. To date, there has been the emergence of a large number of different media and their widespread use in the education process. The aim of the research is to show effective ways to use the media in teaching English. The media allow you to train various types of speech activity and is one of the most effective means. The use of the media also contributes to the formation of linguistic abilities, automates language and speech actions, comprehends linguistic phenomena, and creates communicative situations. The media also ensure the implementation of an individual approach and the intensification of students' independent work. The practical part discusses the method of using the media in the development of lexical skills in English lessons. Diagnostics of the effectiveness of the use of the media in the development of lexical skills of students (analysis of the survey) are given. A set of tasks using the media aimed at developing lexical skills is also presented.

Keywords: mass media, English language teaching, lexical skills, communication skills, high school, method.

ӨОЖ 811
МРНТИ 16.21.33

Ы.Б. Шақаман¹, Д.І.Тұрдалы¹

¹ Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: raya-s7@mail.ru, dameli.turdaly102@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МӘТІН ТҮЗІЛІМНІҢ ЗЕРТТЕЛУ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл біліміндегі мәтіннің зерттелуі, мәтінтүзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер мен ішкі тұлға-бірліктердің зерттелуі, олар туралы жалпы түсініктер қарастырылады. Мәтіннің сөйлемдердің жай тізбегі емес, мағыналық-құрылымдылық пен өзара байласым-тұтастыққа негізделген күрделі тұлға екені нақтыланады.

Тірек сөздер: мәтін лингвистикасы, мәтін, күрделі синтаксистік тұтастық, мәтінтүзім, мәтінтүзуші бірліктер, мәтін байласымы.

Кіріспе

Мәтін – күрделі тілдік құрылым, өйткені ол – тілдік ойлау үдерісінің нәтижесі. Кез келген мәтін зерттелу бағытына, нысанына байланысты әр қырынан қарастырылады.

Мәтінді тану мен талдау, оның түзілімі мен құрылымын саралау, мәтінжасамдық тілдік бірліктердің қызметін анықтау – қазақ тіл ғылымында нақты шешімін таппаған мәселе. Мәтін – құрылымды тілдік бірліктердің өзара жымдаса байланысуы. Тілдік бірліктер синтаксистік тұрғыдан өзара лексикалық-грамматикалық құралдар арқылы байланысқа түсіп, сөйлем бірлестігін құрайтыны белгілі.

Мәтінтанымда мәтін құрайтын ірі синтаксистік тұлға-бірліктер басты зерттеу нысаны болады. Мәтін құрылымдық-семантикалық жағынан аяқталған бүтін бірлік болса, күрделі синтаксистік тұтастық мәтіннің тиянақталған бөлшек бірлігі болып табылады.

Ғалым К. Аханов: «...тілді жүйелік қасиеті бар құбылыс, барлық элементтері бір-бірімен байланысты, өзара бағынышты (тәуелді) біртұтас (бір бүтін) құбылыс деп қарау тілдің табиғатын, бүтін мен оны құрастырушы бөлшектердің арақатынасын, атап айтқанда, бүтіннің оны құрастырушы бөлшектерге (тілдік элементтерге) тәуелділігін, керісінше, бөлшектердің бүтінге (тілдің бүтіндей

жүйесіне) тәуелділігін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің жүйесін тілдік жеке құбылыстардың (тілдік элементтердің, бірліктердің) өзара байланысы тұрғысынан, бүтіннің өз ішіндегі жеке құбылыстарды бағындыруы, билеуі тұрғысынан зерттеу айрықша мәнге ие болады» – дейді [3, 68]. Бұл пікір мәтінді – бүтін, күрделі синтаксистік тұтастық – мәтін бөлшегі деп атап зерттеуге негіз болады. Күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің байланысынан тұратын бүтін болса, өзінен жоғары тұрған күрделі бірлік мәтіннің бөлшегі болып табылады. Бұл пікір тіл білімінде қазір толық тұжырымдалып, қалыптасты.

Қазақ ұғымындағы «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте» сөзінің ғылыми баламасын мәтін деуге болады. Сөзден мәтін құрау жіппен кесте тігу үдерісімен өте ұқсас өнер» [5, 91]. Сөз өнері мен жіппен кесте тоқудың жасалу тетіктері бір-біріне өте жақын; екеуі де – адам танымының көрінісі. Латын тілінде «мәтін» сөзі «кесте, өрнек» мағынасын береді.

Мәтін толық туындыға айналу үшін оны тұтастыққа түсіретін мәтінтүзуші бөліктері болуы керек. Олар: дыбыстық, мағыналық, құрамдық, сөйлемдік-эрлеуіштік құралдар. Бұлар арқылы нақты бір мазмұндағы мәтін құрылуда оны түзетін тілдік бөлшектер өзара синтаксистік байланысқа түседі.

Негізгі бөлім

Мәтін мәселесін тілдік құрылым ретінде арнайы зерттеу алғаш рет XIX–XX ғасыр аралығында жүргізіле бастады. Тілде сөйлемнен де үлкен көлемді бірлік – мәтін – бар екені, оның тұтас бір бірлік екендігі қозғала бастады.

XX ғасырдың 60-жылдары мәтін құрылымдық әдіспен зерттелсе, 70-жылдың ортасынан қарым-қатынастық белгі ретінде қарала бастады. Орыс тіл білімінде мәтін теориясы А.А. Потебня еңбектерінен басталды. Қазақ тіл білімі үшін мәтін сипаты, зерттелу негізі алғашқы тілтанушылар А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен көрінді.

А. Байтұрсынұлының: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» [1, 11] – деген пікірінен мәтінді «шығарма сөз» деп атағанын түсінуге болады. Ғалым шығарма (мәтін) тілі екі түрлі екенін атап көрсетті: ақын тілі және әншейін тіл. Зерттеуші мәтінді дұрыс түзу үшін оны құрайтын тілдік құралдардың мағына жағынан да, тұлға жағынан да байланысуына көңіл бөлу керектігін айтады. Тілшінің мәтінге «шығарма сөз» деген атау беруі – орынды әрі тауып айтылған сөз. Себебі кез келген мәтін (өлең сөз болсын, қара сөз болсын) тұтас ойды (ақпаратты) жарыққа шығаратын, белгілі бір тақырыптағы адам ойлауы мен пайымдауының нәтижесі, ауызша не жазбаша түрде ойдан тұжырымдалып шыққан СӨЗ болып табылады.

Ғалым Қ. Жұбанов: «Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар» – деп, ең алдымен, жазылатын сөзге аса ұқыптылықпен қарап, сөздерді орнымен түзе білу қажеттігіне көңіл аударады да, мәтінді «сөз бұйымы» (сөз) деп атайды [2, 148]. Ғалым пікірінен мәтіннің сөйлемдердің жүйелі жиынтығы, ойда дұрыс түзілген пікірді жарыққа шығарудың бүтін көрінісі (бұйымы) екенін тануға болады.

Екі ғалымның мәтінге берген атаулары (шығарма сөз, сөз бұйымы) өзара синонимдес. Сондай-ақ олардың анықтамаларынан мәтін жүйелі тұтас бір құрылым екенін түсінеміз.

Мәтінді тілдік тұрғыда зерттеген орыс ғалымы О.И. Москальская: ««Мәтін» деп, бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары» [7, 8-9] – деп аяқталған бір бүтін туындылардың бөлшектерін біріктіріп, байласымдылыққа негіз етіп тұрған мәтіннің ең басты белгісі ретінде мағына бірлігі мен қатысымдық маңызы бар қызметтік белгіні атап көрсетеді.

Ғалым М.В. Никитиннің: «Мәтіннің максималды көлемінің шегі жоқ, ал минималды мәтін сөйлеммен (айтылыспен) тең түседі» [8, 114] – деген пікірі алдыңғы ғалымның сөзімен ұштасады.

Тілдің қоғамдық, әдеби, мәдени, ғылыми құрылымдық дамуына қатысты мәтін зерттеу бағыты кеңейе түсті. Кейінгі қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектерде мәтін тіл зерттеу материалы ретінде ғана емес, зерттеу нысаны, пәні ретінде қарала бастады.

Р. Сыздық, Б. Шалабай, Т. Қордабаев, М. Закиев, С. Мұсаев, А. Жұбанов, Г. Смағұлова, Н. Уәли, Г. Әзімжанова, З. Ерназарова, А. Әділова, Ж. Жақыпов, С. Мұстафина, А. Таусоғарова, С. Құнанбаева, Ж. Қайшығұлова, Ж. Кеншінбаева, М. Маретбаева, М. Ахметова, т. б. ғалымдар еңбектерінде мәтін құрылымы, тұтас мәтін жеке зерттеу нысаны етіп қарастырса, Е. Жанпейісов, М. Балақаев, М. Серғалиев зерттеулеріне мәтіннің көркемдік ерекшелігі мен сипаты негіз болды. Осындай зерттеу бағытына қарай қазақ тілінде де мәтін лингвистикасы қалыптасты.

Мәтінтаным нысаны – мәтінтүзім, мәтін түзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер. Қазақ тіл білімінде мәтін түзуші бірліктерді зерттеу мәселесі кейінгі жылдары қарала бастады. Мәтін мазмұны, оның жалпы сипатын қарастыратын ғылыми еңбектер болғанмен, мәтінтүзім бірліктері, мәтінтүзуші құралдарға қатысты нақты синтаксистік тұрғыдан талданған зерттеулер жоқтың қасы.

Зерттеуші Г. Әбікенованің пікірінше, қазақ тіл білімінде мәтінтүзім мәселесін ғылыми жағынан алғаш қозғаған ғалым Р.Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінде Абай өлеңдерінің мәтін түзілісі нақты мәтін деңгейінде талданады [10, 74]. Ғалым автордың түрлі көзқарасын білдіретін мағыналық реңктер сөз таптарымен (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, одағай, шылау, сын есім шырайы, көмекші есім, көмекші етістік, етістік райы) қатар дауыс ырғағы (интонация), екпін арқылы жасалатынын талдап көрстіп, мәтін түзуде лексика-грамматикалық құралдарды таңдай да білу қажеттігін айтқан.

Сонымен қатар зерттеулерді шолу барысында мәтін қарастырған ғалымдар арасында мәтін көлемі, құрылымы, мәтін тұтастығының құрылымдық белгілері туралы нақты бірізді пікір қалыптаспағанын аңғарамыз. Зерттеулерден «мәтін» атауы мәтіннің құрылымдық-мағыналық бірліктері болып табылатын дара сөйлемге, мағыналық, интонациялық жағынан аяқталған сөйлемдер тізбегіне, шығарма үзінділеріне, тұтас шығармаға қолданылатынын түсіндік. Жалпы алғанда, тіл ғылымында бір ғана сөйлемнен (сирек кездесетін құбылыс) бастап тұтас бір кітап, бірнеше томдық шығармаға дейін мәтін болып қабылданады.

Ғалым Р. Сыздық: «Текст түзу жетілген жазба әдебиетінің көрінісі. Және ол қаламгердің зор талантын талап ететін құбылыс, өйткені текст түзу үшін сөз топтарын, грамматикалық амалдарды таңдай білу керек, әр сөздің лексикалық мағынасы мен модальдық өңін тап баса білу керек» [10, 79] – деп Абай шығармаларындағы мәтін түзілісіне сараптама берген.

Ғалым Г. Смағұлова «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзіндік мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі» [8,8] – деп, мәтіннің құрылымындағы сөйлемдердің жай ғана емес, өзара мағыналық байланыста болып, жүйелілікке құрылатын тұтас тілдік таңба екенін атап өтеді.

Мәтіннің бөлшегі болып табылатын күрделі синтаксистік тұтастықты қарастырғанда ғана мәтінді толық талдауға түседі. Өйткені күрделі синтаксистік тұтастық грамматикалық заңдылықпен құрылатындықтан, мәтін амалсыз сол заңдылыққа бағынуға тиіс болады, әйтпегенде, мәтін мазмұндық жағынан ауқымды болғандықтан, грамматика шеңберінен шығып кетуі мүмкін. Сонымен бірге күрделі синтаксистік тұтастықты талдауда да мәтін құрылымы мен мазмұны ескеріледі. Мәтін – сөйлеудің аяқталған соңғы сатысы, күрделі синтаксистік тұтастық – тұтас мәтінге жетелейтін аяқталмаған құрылымдық саты. Тіл біліміндегі «микротекст», «макротекст» – осындай талдаудан шыққан түсініктер.

Сонымен мәтін – жеке тұлға-бірлік, оның негізгі ішкі тұлға-бірлігі – күрделі синтаксистік тұтастық. Бұл туралы Р. Сыздық «Абай өлеңдерінің синтаксистік

құрылысы» еңбегінде күрделі синтаксистік тұтастық қара сөз бен өлең сөзде де болатынын, ондағы сөйлемдер бір ой төңірегінде топтасатынын айтады [11, 38]. Ғалым атағандай, күрделі синтаксистік тұтастық – тек поэзияда емес, прозада да болатын мәтіннің бір бөлшегі, сөйлемнен үлкендеу дербес бірлік. Прозада бірнеше сөйлем тізбегінен құралып, құрылымдық және мағыналық жақтан тұтасып, белгілі бір күрделі ойды білдіреді. Сондықтан мәтін құрылымын синтаксистік жағынан талдағанда, жеке сөйлем жағынан емес, айтылған ойға қарай талдау орынды.

Күрделі синтаксистік тұтастықтар, ондағы құрайтын бірліктер мәтін ішінде бір-бірімен байланысып, түрлі грамматикалық, лексикалық, интонациялық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мәтіннің күрделілігіне байланысты мәтін не оның бөлшегі (күрделі синтаксистік тұтастық) ішінде мәтінтүзуші тілдік бірліктер фонемадан сөйлемге дейінгі жүйелі сабақтастық қызмет көрсетеді.

«Қазақ тіліндегі мәтінтүзуші құралдар» атты ғылыми зерттеу жазған ғалым С. Мұстафина мәтінтүзуші тілдік бірліктерді «мәтінтүзуші құралдар» деп атап, тар мағынадағы мәтінтүзуші құралдарға аналитикалық тілдік бірліктерді (айталық, демек, олай болса, яғни, кім білсін, т.б.) жатқызса, кең мағынадағы мәтінтүзуші тілдік бірліктерге дауыс ырғағы (интонация), сөздердің орын тәртібі, түрлі қайталамалар, синтаксистік-стилистикалық тәсілдер мен етістіктік шақ көрсеткіштерін жатқызады. Фразааралық байланысты жүзеге асырушы лексикалық бірліктер ретінде зат есімдер, сын есім, есімдіктер, етістіктер, үстеу, шылау, есімді тіркестер, синоним, антоним, синтаксистік параллелизмдердің мәтінтүзу қызметін талдайды.

Ғалым С. Мұстафина «Қазақ тіліндегі мәтінтүзуші құралдар» атты теориялық еңбегінде фразалық тіркестер мен морфологиялық гетерогендік лексемалардың қазақ мәтіндерінің түзілімінде өзіндік қызметі барын айтады [6, 24].

Мәтін байласымын жүзеге асыратын мәтінтүзуші құралдың ең жиі қолданылатын түрі – есімдік. Зерттеуші К. Ахметова: «Есімдіктер тіл білімінде мағыналық және қолданымдық сипатына байланысты субституттар мен дейксистерге жатқызылады. Мәтіншілік байласымды жүзеге асыруда жіктеу және сілтеу есімдіктері басқа есімдік түрлеріне қарағанда анағұрлым көп жұмсалады» [4, 55] – дейді. Расында, кез келген мәтінде жіктеу мен сілтеу есімдіктерінің сөйлем байланыстыру қызметі басым келеді.

Мәселен, *Абай соңғы күндерде, әсіресе осы соңғы түнде, өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде. Ол бір ескі «ғалымдар» ма, «рауаилар» ма, солардай бір күйде отыр. Осы жайына өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды (М.Ә).*

Бұл мысалдағы бірінші сөйлемді екінші және үшінші сөйлемдермен байланыстырып тұрған тілдік бірліктер – «Абай – ол – өзі» құрылымы. Бірінші сөйлем екінші сөйлеммен «ол» жіктеу есімдігі арқылы байланысса, үшінші сөйлеммен «өзі» өздік есімдігінің тәуелденген III жақ тұлғада келуі арқылы байланысым жа-

сап, екі сөйлеммен де «бастауыш-бастауыш» арақатынастығын түзіп тұр. Мұндағы үш сөйлем де бір-бірімен эксплицитті (мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара формалды, тілдік бірліктердің қолданысы арқылы байланысуы) түрде байланысқан.

Кейде мәтін ішінде сөйлемдердің байланысында жіктеу, сілтеу есімдіктері жасырын қатысып, алдыңғы сөйлемге жасырын нұсқап тұратыны да бар. Мысалы:

1. Ал бұлардан басқа намазға келуші **көпшілік** Сармолланың сөзін үлкен ықыласпен аса ден қойып тыңдағандай болды. **(Олар)** Мәзін мен қаридың ашулы сөздерінен бет бұрып, ол екеуіне сырт беріп, Сармолланы қоршай берісті (М.Ә.).

2. Ашық дауысты Дәмежан сөйлеген сайын оның үлкен, кесек **анпақ тістері** кең ашылады. **(Олар)** Жұқа еріндерінің қызылына жарасып жиі көрініп отырады (М.Ә.).

Мысалдардағы алғашқы сөйлемдегі «көпшілік» сөзі мен көпше түрде тәуелденген III жақ тұлғадағы «тістері» сөздерінің орнын кейінгі сөйлемдердегі жасырын тұрған көпше тұлғадағы «олар» есімдігі алмастырып тұр.

Ғалым М. Маретбаева мәтінтүзуші тілдік құралдарды төрт топқа бөледі:

1. Фонетикалық құралдар (интонация, ырғақ т.б.);
2. Лексикалық құралдар;
3. Грамматикалық құралдар;
4. Синтаксистік-стистикалық құралдар [5, 99].

Ғалымның мәтіндік құрылымға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктердің қатысы болатынын осы жіктеу арқылы нақты атап көрсеткен. Сонымен бірге ғалым сөйлем мен фразадан жоғары тұтасымдарды байланыстырушы грамматикалық тілдік құралдар ретінде модаль сөз, қыстырма, синтаксистік параллелизм, сұраулы сөйлем мен мазмұнның темаремалық берілуі, косымша, деривация мәні айырықша екенін атап өтеді.

Қорытынды

Шолуға түскен еңбектерден мәтін жай қосындысы емес, құрылымдық мәтінтүзуші тілдік бірліктер тұтастық пен байласымдылыққа негіз болатын, белгілі бір құрылымға өзара біріккен күрделі тілдік таңба екенін аңғарамыз. Мәтіндегі белгілі бір ой, мазмұн, пікір жеке сөйлеммен беріліп қоймай, көптеген сөйлем топтары арқылы беріледі. Ол сөйлемдер бір-бірімен байланыссыз, қалай болса солай, ретсіз емес, мағыналық жағынан тығыз жымдасып, белгілі бір ойды білдіруге қатысады. Мәтіннің күрделілігіне байланысты мәтін не оның бөлшегі (күрделі синтаксистік тұтастық) ішінде мәтінтүзуші тілдік бірліктер фонемадан сөйлемге дейінгі жүйелі сабақтастық қызмет көрсетеді.

Сондай-ақ мәтінге қатысты зерттеулердің сан алуандығы оның күрделі құбылыс екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 360 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.
4. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.
5. Маретбаева М.А. Әңгімелеу мәтіні: монография. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2013. – 165 б.
6. Мұстафина С. Текстобразующие средства казахского языка. автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 1989.
7. Москальская О.И. Грамматика текста. – Москва: Высшая школа, 1981.
8. Никитин М.В. Основы лингвистической теории значения. – Москва, 1988. – 184 с.
9. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, ТОО «Триумф «Т». – 2007. – 149 б.
10. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
11. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы [Мәтін] / Р. Сыздықова. Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі ин-ты – Алматы: Ғылым, 1970. – 173 б.

REFERENCE

1. Bajtұrsynov A. Әdebiet tanytқыsh. Zertteu men өleңder. – Almaty: Atamұra, 2003. – 208 b.
2. Zhұbanov Q. Qazaq tili zhөnindegі zertteuler. – Almaty: Fylym, 1966. – 360 b.
3. Ahanov K. Til biliminің negizderi. – Almaty: Mektep, 1978. – 496 b.
4. Ahmetova M.K. Mәtin lingvistikasy: Oқu-әdistemelik құral. – Oral: Aғartushy, 2008. – 148 b.
5. Maretbaeva M.A. Әңgimeleu mәtini: Monografiya. – Qaraғandy: Bolashaq-baspa, 2013. – 165 b.
6. Mұstafina S. Tekstoobrazuyushchie sredstva kazahskogo yazyka. avtoref. kand. filol. nauk. – Almaty, 1989.
7. Moskal'skaya O.I. Grammatika teksta. – Moskva: Vysshaya shkola, 1981.
8. Nikitin M.V. Osnovy lingvisticheskoy teorii znacheniya. – Moskva, 1988. – 184 s.
9. Smagұlova G. Kөrkem mәtin lingvistikasy. – Almaty, TOO «Triumf «T». – 2007. – 149 b.
10. Syzdyk R. Abajdyң sөz өrnegi. – Almaty: Sanat, 1995. – 208 b.
11. Abaj өleңderinің sintaksistik құrylysy [Mәtin] / R. Syzdykova. Qazaq SSR Fylym akademiyasы; Til bilimi in-ty – Almaty: Fylym, 1970. – 173 b.

Ы.Б. Шакаман¹, Д.И. Турдалы¹

Характер изученности текстообразования на казахском языке

¹ Высшая школа гуманитарных наук
Павлодарский педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

Y.B. Shakaman¹, D.I. Turdaly¹

The nature of the study of text formation in the kazakh language

¹ Graduate school of Humanities,
Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan.

Аннотация. В статье рассматривается изучение текста в казахском языкознании, изучение текстообразующих смысло-структурных единиц и внутренних единиц личности, общие представления о них. Уточняется, что текст – это не простая последовательность предложений, а сложное образование, основанное на смысло-структурности и взаимосвязанности-целостности.

Ключевые слова: лингвистика текста, текст, сложная синтаксическая целостность, текстообразование, текстообразующие единицы, связность текста.

Summary. The article deals with the study of text in Kazakh linguistics, the study of textual semantic and structural units and internal personality units, general concepts about them. It is clarified that the text is not just a sequence of sentences, but a complex personality based on semantic-structuring and interrelationship-integrity.

Keywords: text linguistics, text, complex syntactic integrity, text composition, text-forming units, text binding.

УДК 372.853
МРНТИ 14.25.09

А.С. Батаева¹

¹ Торайгыров Университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республики Казахстан
e-mail: bataeva.1301@mail.ru

КЕЙС-МЕТОД В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЗИКИ КАК СРЕДСТВО ДОСТИЖЕНИЯ ОСВОЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

***Аннотация.** Исследование обусловлено мировой тенденцией реформирования образовательного процесса в соответствии с применением парадигмы конструктивизма при создании новой образовательной среды, подготавливающей к практическому применению результатов обучения в реальной жизни. Основная проблема исследования заключается в неразработанности процессуального компонента конструктивистской дидактики, именно технологической модели конструктивистского обучения, а основной формой обучения является урок.*

Актуальность работы на социально-педагогическом уровне обусловлена противоречием между объективными требованиями модернизации образования и недостаточным использованием современных технологий и методов обучения, в частности, кейс-технологий. Проблема внедрения кейс-метода в практику школьного образования в настоящее время крайне актуальна и обусловлено двумя тенденциями:

– первая вытекает из общей направленности развития образования, его ориентации не столько на получение конкретных знаний, сколько на формирование коммуникативной компетенции, умений и навыков мыслительной деятельности, развитие способностей личности, среди которых особое внимание уделяется способности к обучению, смене парадигмы мышления, умению перерабатывать огромные массивы информации;

– вторая вытекает из развития требований к качеству образования, который, помимо удовлетворения требованиям первой тенденции, должен обладать также способностью оптимального поведения в различных ситуациях, отличаться системностью и эффективностью действий в условиях обновления образования.

В данной статье рассматривается метод «кейс-стади», который относится к технологии анализа ситуаций для активного обучения. Данная технология была разработана в 1930-е гг. в Гарвардской школе бизнеса (школ делового администрирования Гарвардского университета, г. Бостон, США).

Помимо этого, в статье рассмотрены подходы к повышению качества физического образования и возможности реализации технологии «кейс-стади» на уроках физики при

изучении раздела «Электричество». Представлен понятийный аппарат данной технологии. Приведен алгоритм работы учителя и обучающихся в формате технологии «кейс-стади».

В статье рассмотрены сущность понятия «кейс-метода», описана его структура, проанализированы особенности использования кейс-метода в обучении отечественного и зарубежного опыта, изложены результаты исследования организационно-технологических аспектов использования кейс-метода на уроках физики, разработана целевая модель конструктивистского урока физики, определяющая задачи и содержание обучения, разработаны дидактические средства и пути коллаборации, разработана когнитивная схема изучения темы, соответствующая технологии кейс-стади, верифицирована на педагогическом эксперименте в условиях реальной школьной практики эффективность целевой модели конструктивистского урока физики на основе кейс-стади технологии, предложены методические рекомендации по применению разработанных когнитивных схем кейс-стади технологии и средств коллаборации на уроках физики.

Ключевые слова: кейс, кейс-технологии, коллаборация, структура кейса, классификация кейсов, ситуация, анализ ситуаций, компетенция.

Введение

Жаңартылған білім беру бағдарламасын пайдалану арқылы білім алушы жаңа технология мен тілдік құзіреттілік ұғымын жақсы түсінеді. Тілдік құзіреттілік білім алушының айтылым, тыңдалым, оқылым мен жазылым тілдік дағдыларын толыққанды игеруіне көмектеседі. Педагог оқушының бойында біліммен қатар білік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған жұмысты тұрақты түрде жүргізеді. Оқушылардың әр сабақтағы шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесі тілдік құзіреттілікпен тікелей байланысты. Педагог оқу үрдісінде үнемі оқушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыру жұмысын оқу мақсатары мен қатар жүретін әрект екендігін естен шығармайды. Ал құзіреттілік – бұл оқу үрдісінде белгілі бір тақырып аясында алынған білім мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселерерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі [2].

Елбасымыздың әр жолдауында үштілділік жайлы жиі айтылып кетеді. Өзінің кезекті жолдауының бірінде Президентіміздің «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын [3].

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқыту шығармашылық құндылық пен дағдыны дамытуға, оқу үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруға, пәндердің бір-бірімен байланысын күшейтуге ықпалы зор. Яғни, шығармашылық интеллектуалдық еңбекке дайындау. Химиялық білім жалпы орта білім берудің аса маңызды, әрі үлкен саласы. Пәнді оқытуда негізгі міндеттерді ескеру керек, олар: жаратылыстану пәнінің ғылыми дүниетанымы мен қоршаған ортаның ғылыми бейнесін қалыптастыру; қоршаған ортада жүріп жатқан құбылыстарды химиялық таным – түсініктер арқылы ойлай білуге үйрету және химиялық тілді дамыту; химиялық білім – біліктерді және химия ғылымының жетістіктерін күнделікті өмірде пайдалануды насихаттау.

Материалдар мен әдістемелер

Аталған тәсілдердің тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Соның ішінде ең маңыздысы – оқушының мүмкіндігі мен қызығушылығы. Сабақ барысында оқушының іс-әрекетін сипаттайтын кезеңдер: бағытталған мотивациялық кезең. Белгілі бір жағдайға байланысты мақсат және оған жету жолдары. (Біз

қандай жағдайда тұрмыз? Оны орындау үшін не істейміз? Оны қалай жасаймыз?); орындаушылық – операциялық кезең. Бұл кезең мақсатқа жету кезеңі болып табылады. Жоспарды орындау, модельдеу; бағалау – рефлексивті кезең. Мақсат орындалды ма? Қалай орындалды?

Оқытудың шығармашылық негізін арттыруда стандарт деңгейінде оқу бағдарламасындағы оқу материалының мазмұнын меңгертуде міндетті деңгейден мүмкіндік деңгейге жеткізу. Саралап оқыту жүзеге асады, осыған орай, әр оқушының танымдық қажеттілігі ескеріледі. Білім деңгейлері жылжымалы және ауыспалы (А – төмен, В – орташа, С – жоғары) болады, себебі оқушы үнемі жетіліп отырады. Үштік деңгей мүмкіндігінше сыныптағы барлық оқушыларды қамтиды [4].

Осы ретте химия пәнін орыс және ағылшын тілі пәндерімен ақпараттандыру негізінде кіріктіре оқыту тиімді:

- Химия пәнінде қолданылатын негізгі терминдердің ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармаларын бірге үйрету, глоссариймен жұмыс істеу;
- Пәндерді кіріктіруде мазмұндық-құрылымдық тетіктерді пайдалануға негіздеп қолдану;
- Пәнаралық кіріктіру, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып үш тілдің үндесуін қамтамасыз ету.

Пәнаралық кіріктіру арқылы материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздік жұмыстарының орындалу деңгейін көтеруге қол жеткізсе болады (кесте 1). Кестеде білім игеру деңгейлері мен білім алушыларға қойылатын талаптар көрсетілген.

Кесте 1. Білім игеру деңгейлері мен білім алушыларға қойылатын талаптар


Білім игеру деңгейлері	Білім алушыларға қойылатын талаптар
Бірінші деңгей. Қайта жаңғырту және есте сақтау. Оқу материалының мазмұнын қайталап айту.	Көрсете білу, анықтай білу, атай білу анықтама беру
Екінші деңгей. Үлгі бойынша білімді таныс жағдаяттарда қолдану. Ережеге сәйкес жұмыс жүргізу.	Өлшеу, түсіндіру, дайын сызба бойынша құрастыру, сипаттау, салыстыру, ережені сақтау.
Үшінші деңгей. Білімді белгісіз жағдаяттарда қолдану. Шығармашылық жұмыс.	Проблемалық сұраққа жауап беру, өз ойын білдіру, негізгі себептерін айқындай білу, ақпаратты талдау және керекті ақпаратты таба білу.

Мұнда ақпараттық, негізінен компьютерлік құралдарды белгілі бір әдістемелік ұстанымдарға сәйкес оқытуды интенсификациялаудың, яғни сапалық жағынан арттырудың маңызы көп. Химия пәнін оқытуды кіріктірудің оңтайлы

жолдарын ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға болады [4].

Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыру және оларды қолдану оқу бағдарламасының өзекті аспектісі болып табылады. Осы ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызды тәсілдерінің бірі – дәлелдеу. Дәлелдеу кез келген пікірталас бастау, жүргізу және оны бағамдау үшін маңызды, әсіресе химия пәнін оқытуда оның маңызы өте зор, себебі онда берілген мәселенің бір шешімі болғанымен, тапсырманы әртүрлі құралдар мен тәсілдер арқылы орындауға болады.

Анықтау эксперименті кезінде оқушыларды үш тілде үндестіре оқытуда тілдік дағдылардың төрт түрлі комбинацияда қолданудың қол жеткізетін мүмкіндіктері көрсетілген (Сурет 1).



Сурет 1. Химия пәнін үш тілде үндестіре оқытудың қол жеткізетін мүмкіндіктері

Ағылшын тілімен ықпалдастыру жағдайында химияны оқыту әдістемесі оқушылардың екі тілді ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді, бұл билингвалды-интегративті білімді жеткілікті деңгейде меңгеруден, ақпараттық-коммуникативтік біліктіліктің жоғары деңгейде қалыптасуынан көрінеді.

Билингвалды әдіс оқушыларды химияны оқытуға ағылшын тілінің коммуникативтік мүмкіндіктерін пайдалануға көмегін береді. Сондықтан, химияны оқуға деген оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыруға ықпалын тигізеді. Бүгінгі күні оқушылардың ағылшын тілін сапалы меңгеруі – бұл өмірлік қажеттілік. Өйткені теориялық және практикалық сапалы толыққанды білім

алу үшін, әлемдегі ғылым мен техниканың қарқынды дамуынан ағылшын тілін еркін меңгеруді, шеберлік пен дағдыларды қалыптастыруды қажет етеді. Бұл оқушылардың мәдени коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Тіл мен пәнге кіріктіріліп оқытудың маңызды ережелері:

- әр сабақта белсенді әдістерді қолдану;
- көрнекілік құралдарын пайдалану;
- түпнұсқалақ материалдарды пайдалану;
- оқушыларға тілдік қолдау көрсету.

Сабақ барысында түрлі әдістер мен активтерді қолданып өту – оқу мақсатына жетуге көп септігін тигізеді. Солардың бірқатары: CLIL әдісі, Fill Gap әдісі, Who is faster? – ойыны,

Tic tac toe әдісі, Венн диаграммасы, Бағандау әдістері, Matching белсенділігі. Осы әдістерге үштілділікті енгізе отырып, оқушыларға химия сабағын қызықты әрі өнімді сипаттау арқылы үштілділікті жетілдіруге көп қолдау жасалынды. Осы мақсатта болашақ мамандарды заман талабына сай оқыту үшін, оқу жүйесіне пәнаралық байланысты ендіру көзделіп отыр.

Пәндік кіріктірілген сабақтарында тілдік дағдылар мен пәндік білімдерді дамыту бірдей маңызды, көбінесе мұндай сабақ төрт сатылы схемаға негізделген: 1. Мәтінді өңдеу; 2. Алынған білімді түсіну және ұйымдастыру; 3. Тілдік мәтінді түсіну; 4. Оқушыларға арналған тапсырмалар.

Жоғарыда келтірілген қысқа мерзімді сабақ жоспары бойынша «Химиялық құрал-жабдықтар» тақырыбын оқытуда пән аралық байланыста тілдік күзиреттілік дағдыларының мүмкіндігі қарастырылды (кесте 2).

Кесте 2. Қысқа мерзімді жоспар «Химиялық құрал – жабдықтар»

Күні: Date:	Мұғалімнің аты-жөні:	
сынып: 8 grade: 8	Қатысқандар: Attended:	Қатыспағандар: Absent:
Сабақ тақырыбы The theme of the lesson:	Химиялық құрал-жабдықтар CHEMICAL EQUIPMENT	
Сабақ барысында мақсатқа жету (сабақ жоспарынан сілтеме) During the lesson, the goal to achieve	Химиялық құрал – жабдықтар туралы жалпы мәлімет беру, ағылшынша атауларымен таныстыру	
Сабақтың мақсаты Lesson objectives:	Химиялық құрал – жабдықтар туралы толық білім алу үшін жағдай жасау. Химиялық құрал – жабдықтардың ағылшынша атауларын үйрету	

Бағалау критерииі	Қатысушылар химиялық құрал-жабдықтар ағылшынша, орысша және қазақша атауларын жатқа айта білуіне байланысты бағаланады Әрбір карточкада көрсетілген элементтердің атауларын ажырата біледі, оларды ағылшынша атай алады
Тілдік мақсаттар Language objectives:	Пәндік лексика и терминология: Көзілдірік – Goggles Спиртшам – burner Өлшеуіш цилиндр – graduated cylinder Шыны таяқша – stirring rod Стақан – beaker Сынауық қысқыш – test tube clamp Таразы – balance Дөнес колба – volumetric flask Құты – funnel Тұрғы (штатив) – stand Үшбұрышты колба – Erlenmeyer flask Тұрғының қысқыштары – ring clamp Сынауық – test tube Диалог үшін пайдалы сөз тіркестер: Name this chemical equipment ...

Тәрбиелік құндылықтар:	Халықаралық дәрежеге сай білім алу Әр ұлт өкілдерімен жақсы қарым-қатынас орната алатындай ұрпақ тәрбиелеу
Пәнаралық байланыс	Физика және ағылшын
Алдыңғы білім	Химия, химиялық және физикалық құбылыстар

Сабақ барысы Stage of the lesson	Сабаққа жоспарланған жаттығулар түрлері: Tasks and exercises	Ресурстар Resurse:
Ұйымдастыру кезеңі. Organizational moment 5 минут	Эпиграф: «Элементтер – химия негізі» Сәлемдесу. Good afternoon dear children! I'm very glad to see you! How are you today? What date is it today? Who is absent today? Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Топтарға бөлу: I-топ; II-топ; Алдыңғы білімді тексеру: «химиялық диктант»: Оқушылардан химиялық терминдер мен ұғымдар туралы алған білімдері бойынша жазбаша жұмыс алу; Жаңа тақырыпты тақтаға жазу	Әр топ стикерге өз аттарын жазады

Негізгі бөлім 30 минут	Мұғалім интерактивті тақтаға химиялық құрал-жабдықтардың суреттерін көрсетеді. Оқушыларға алдын ала берілген ыдыстардың атауы бар парақтардан әр ыдыстың үш тілде аталуларын атап шығады.		Суреттер	
	№	Химия пәні бойынша терминдер жиынтығы	Ағылшын тіліндегі аудармасы	
	1	Көзілдірік	Goggles	Үлестірме парақшалар
	2	Спиртшам	burner	
	3	Өлшеуіш цилиндр	graduated cylinder	
	4	Шыны таяқша	stirring rod	Суреттер pictures
	5	Колба қысқыш	crucible tongs	
	6	Стақан	beaker	
	7	Сынауық	test tube	
		қысқыш	clamp	
	8	Таразы	balance	
	9	Дөнес колба	volumetric flask	химиялық ыдыстар
	10	Құты	funnel	
	11	Фарфор табақшасы (отбакыраш) және езгіш	mortar and pestle	chemical containers
	12	Сынауық қойғыш (тұғыр)	test tube rack	
	13	Жұғыш бөтелке	wash bottle	
	14	Тұрғы (штатив)	stand	
	15	Үшбұрышты колба	Erlenmeyer flask	
	16	Тұрғының қысқыштары	ring clamp	
	17	Сынауық	test tube	
18	Сүзгі қағаз	filter paper		
19	Өлшеуіш пипетка	volumetric pipet		
Task 1: Мұғалім әр топқа карточкалардан ыдыстардың суреттерін көрсетеді, әр топ жарысу арқылы олардың үш тілде аталуын айтады. Жұмыс дәптерлеріне химиялық ыдыстардың суреттерін салып, атауларын үш тілде жазып шығады. Task 2: Әр топ бір – біріне құралдардың суреттерін көрсетіп, атын атап жарысады.				

	Each team will show each other the drawings and compete with each other. Task 3: Демонстрация арқылы мұғалімнің көрсеткен құрал – жабдықтарын үш тілде атайды.	
Сабақты бекіту Assigning a lesson	T: What are glasses for in the laboratory? S: 1. Goggles – protects eyes from chemical splashes 2. Glasses are put on to prevent chemical reagents from getting into the eye T: Why it stirring rod is used? S: 1. stirring rod – used for stirring 2. Stirring rod are chemical equipment T: why it test tube is used? S: Test tube- open tube used to hold liquids Терминдерді жаттау Understand terms	Терминологиялық сөздік Terminological Dictionary
Үй тапсырмасы Homework 1 мин.	Терминдерді жаттау Understand terms	
Қорытынды 5 минут	«Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясы арқылы рефлексия жүргізу	Бағдаршамдар traffic light

Анықтау экспериментінің барысында болашақта жеке тұлға дайындау үшін оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың жағдайын байқау көзделеді.

Өзіндік жұмыс түрлерін оның мазмұны мен сабақ мақсатына қарай топтастыру [5].

– жаңа білімді меңгеру, яғни жаңа тақырыпты жан-жақты талдауға көмек тесетін өзіндік жұмыс түрлері:

– химия пәні бойынша әр сабақта тақырып бойынша глоссарий қолдануға болады.

– жаңа білімді бекіту, түрлі жаттығулар, тәжірибе, баяндамалар, оқулық, практикалық, тест жұмыстарын орындау.

– оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, ізденушілігін қалыптастыруға жетелейтін өзіндік жұмыстар түрлерін пайдалану [6].

Өзіндік жұмысты оқулық мазмұны мен оқу құралдарын байланыстыру арқылы ұйымдастыру мәселесін назарда ұстау. Неғұрлым бала ізденсе, соғұрлым оның белсенділігі күшейеді. Ізденген мәселесін шешкісі келіп оқушы алға талпынады.

Қалыптастыру эксперименті кезінде жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқулық пен оқу құрал материалдарын байланыстыра отырып жұмыс жа-

салады. Оқу материалдарын оқушылардың саналы меңгеруіне жағдай жасау мақсатымен, әрбір мәтін мазмұны оқу құралындағы қосымша материалдармен, түрлі тапсырмалар мен есептерді және тәжірибе жасау жолымен байланыстырылады.

Оқушының жасаған жұмысы арқылы қаншалықты білім алғанын және оның білімінің жетілгенін, түрлі жағдаятқа сай өзін көрсете білуін аңғаруға болады. Тілдік (коммуникативтік) құзіреттілік деп адамның өмірдегі шынайы жағдайда тіл арқылы қатынаса алу қабілеті деп түсінуге болады. Қандай да бір тілді оқытуда коммуникативтік құзіреттілік әдістемелік тұрғыдан арқа сүйейтін және дамытылуға тиісті басты категориялардың бірі болып табылатын және бірнеше құрамдас бөліктен тұратын күрделі ұғым [7].

Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдылар: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым төрт түрін түрлі комбинацияда қолдана білу керек [8].

Оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларға қолданылатын әдістер: «Оқылған тақырыптың картасын жасау», «Мәтінен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу».

Тыңдалым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларға қолданылатын әдіс: тақырыптарға байланысты видеоматериалдарын қолдану.

Айтылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларға қолданылатын әдістер: «Сөздік» әр тақырыпқа байланысты үш тілде, «Суретте не бейнеленген?», «Фишбоун» әдісінде постерді қорғау, «Проблемалық сұрақ».

Жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларға қолданылатын әдістер: «Химиялық диктант», «Есте сақтау арқылы жазу» әдістемелерін қолдану арқылы қалыптастыру.

Фронтальды (ұжымдық) жұмыстарда негізгі көңіл бөлетін аспектілері:

– оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру;

– стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу;

– оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 минут сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

– оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын ала ескерту;

– тапсырманы зейін қойып орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушының жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

Топтық жұмыс тілдік құзыреттіліктерді қалыптастырудағы басты тәсіл болып саналады.

Топтық жұмыс туралы нұсқаулықта: «Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді. Кез келген команда барлық мүшелері білетін және түсінетін жалпы ережелерді басшылыққа алу қажет. Ол топтың әрбір мүшесінің одан не күтілетіндігін, жұмыс қалай бөлінетіндігін және қолдау көрсетілетіндігін, сондай-ақ нәтижелерге қалай қол жеткізілетіндігін білулері үшін қажет» [9].

Мысалы, «Металдарға жалпы сипаттама» тақырыбын өткізуде, 9-сынып оқушылары 3 топқа бірігеді: «Химик», «Биолог», «Географ» топтары және «Фишбуон» әдісі арқылы әр топ өздерінің топ атауларына байланысты металдарға сипаттама береді, маңыздылығын түсіндіреді.

Тапсырма-1.

1-топ – Химиялық маңыздылығы

2-топ – Биологиялық маңыздылығы

3-топ – Географиялық маңыздылығы

Дескриптор:

Металдардың химиялық қасиеттеріне байланысты реакцияларды жазады

Металдардың адам ағзасына әсерін түсіндіреді

Металдардың Қазақстан аймақтарында таралуын анықтайды

ҚБ. Өзін-өзі бағалау арқылы бағаланады.

Топтық жұмыста пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп, меңгертуде қазіргі таңдағы кеңінен қолданылатын оқыту технологияларының стратегиялары: «Джиксо – ұжымдық оқыту», «Дана үкілер», «Мозайка немесе Ара ұясы».

Мысалы, 8 сыныбында «Оксидтер. Жану» тақырыбында оқушыларды бірнеше топқа бөліп, топтарға әр түрлі формулалар мен атауларын беруге байланысты топтық жұмысты ұйымдастыруда әр топ әртүрлі суреттер, кестелер, ақпараттар жинап, постер, кластер сызып тақтаға ыңғайлы етіп орналастырып, өз жинақтаған мәліметтерін қорғайды, басқа топтар тыңдайды. Оксид туралы қосымша мәліметтер алады. Сонымен қатар сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылады: «Жұптағы ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер» «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау ке-

рек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады [10].

9-сыныпта химия пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолдану. ЖИГ-СО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістері қолданылады. Үй тапсырмасына «Кім жылдам?», ойыны түрінде ұйымдастыру.

Нәтижелері мен талқылануы

Тәжірибелік экспериментке 9-сынып алынды. Эксперименттік сыныпта 24 оқушы, бақылау сыныбында 23 оқушы болды. Анықтау эксперименті кезінде екі сынып бойынша да, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, пікірлесу, оқушылармен қарым-қатынасқа түсу сияқты жұмыстар жүргізілді. Осы анықтау эксперименті барысында оқушыларға өзіндік жұмыстар беріп орындату да қарастырылды. Оқушылардың тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы педагогтармен қарастырылған [11].

1-жоғары деңгей. Өз ойын тұжырымдап айта алатын оқушылар. Химиялық тілді қолдануға тырысады. Пікірлеріне дәлелдер келтіре алады. Теориялық білімдерін іс-әрекетте пайдаланады. Пікірлерін дәлелдеу барысында тұрмыстан, қоршаған орта заттарынан мысалдар келтіреді.

2-орта деңгей. Сұрақтар мен тапсырмаларды түсінеді. Оған жауап беруге тырысады. Бірақ, ойын тұжырымдап айта алмайды. Химиялық тілді қолдануы төмен. Теориялық білімдерін кез келген жағдайда пайдалануға дайын емес.


3-төмен деңгей. Ойын қорытып айта алмайды және оны дәлелдеулері төмен. Химиялық тілді қолдана алмайды. Жергілікті материалдармен теориялық ойды байланыстыруды мүлде меңгермеген. Теориялық дайындықтары нашар.

Төмендегі 3-кестеде эксперимент және бақылау топтарындағы деңгейлер көрсеткіштерінің нәтижелері көрсетілді.

Кесте 3. Эксперимент және бақылау топтарындағы деңгейлер көрсеткіштерінің нәтижелері

р/с	Деңгейлер	Бақылау тобы	Эксперимент тобы	Өзгеріс динамикасы
1	Жоғары	1	4	+3
2	Орта	7	14	+7
3	Төмен	15	6	-9
4	Оқушы саны	23	24	

Оқушылардың тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы паралель сыныптарда ұйымдастырылды. Сабақ қорытындысы шығарылды (Сурет 2).



Сурет 2. Білім алушылардың фронтальды, топтық, жеке әдіс-тәсілдерді пайдалану барысындағы төрт деңгей бойынша көрсеткіш нәтижесі

Кестеден «Жоғары», «Орта» деңгейлердің нәтижелері жоғарлағанын және, «Төмен» деңгейдің керісінше кемігенін байқаймыз. Яғни, химия пәнін үш тілде үндестіре тілдік құзіреттілік дағдыларын оқушыларда қалыптастыруда қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта келе, химия пәнінде оқушылардың тілдік құзіреттілік дағдысын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен технологиялары бойынша мектепте берген білім әрбір баланың санасында қалып қояды, олар оны орындауға, алған білімін өз болашағына азық етуге, ел болашағына пайдалануға барынша тырысып бағады. Қазіргі кездегі халықаралық байланыстың жоғары деңгейде дамығандығын және соңғы кездерде шет елдерде білім алушылардың көбейгендігін ескеретін болсақ, әр оқушының алған білімі пайдалы жүзеге асатындығын және оның тек өз елінде ғана емес әлем деңгейінде жарамды болатындығын қарастырған жөн.

Химия пәнін үш тілді үндестіре отырып меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушыны қалыптастырып, оны қызықтыру үшін тілді игерудің оңай жолдарын, тәсілін табу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мектеп оқушылары заман ағымына ана тілдерімен бірге орыс және ағылшын тілдерін де жиі қолданады. Ол – заман талабы, өмір қажеттілігі.

Химия ағылшын тілінде жүргізіп, мақсат еткен межеге жету үшін бізге аянбай еңбек ету керек деп есептейміз. Қалай болғанда да, бұл бағдарлама бүгінгі күннің талабы екендігі анық. Сондықтан жаратылыстану пәндерін ағылшын

тілінде оқыту жаңа мағлұмат-тарға жол ашады. Жастар заман көшімен бірге жүре алады деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Білім туралы. 11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі басылымы. – 2010. – 1 б.
3. Қазақстан Республикасының Призендеті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. – Астана, 2007.
4. Аликберова Л.Ю., Степин Б.Д. Занимательные задания и эффективные опыты по химии. – М.: Дрофа, 2002.
5. Запрудский Н.И. Современные школьные технологии-2. – Минск: Сэр-Вит, 2010. – 252 с.
6. Khalyapina L.P. (2017) Current trends in teaching foreign languages on the basis of CLIL // Teaching Methodology in Higher Education. Vol. 6. No 20. P. 56–52.
7. Ибрагимов Г.И. Концепция современного урока // Школьные технологии. – 2008. – №2. – С. 48–52.
8. Ағынова М.Д. Белсенді оқу арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы I Том. – Атырау, 2021. – 239 б.
9. Исабекова Г.Б., Дүйсенова Н.Т., Ахметова А. Германияның білім беру жүйесіндегі CLIL технологиясының қазіргі жағдайына салыстырмалы талдау // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №2. – Б. 71–80.
10. Білім беруді дамыту стратегиясы және халықаралық ынтымақтастық департаменті. Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым атты ақпараттық-статистикалық материалдар жинағы. – Астана, 2005. – 46.
11. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану: Оқу құралы. – Астана: «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
12. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – Алматы: Мектеп, 2004. – 163-166 б.

REFERENCE

1. Bilim turaly. 11-bap. Bilim beru zhuyesiniń mindetteri.
2. Nazarbaev N.Ә. Қазақстан Respublikasyndaғы bilim zhәне ғылым. Қазақстан Respublikasy Bilim zhәне Fylym Ministrлігі basylymy. – 2010. – 1 b.
3. Қазақстан Respublikasynuң Prizen deti N.Ә. Nazarbaevtyң Қазақстан halkyna ZHoldauy «ZHаңа әлемдегі zhaңа Қазақстан», «Tilderdiң үsh тұғыrlyғу» мәдени zhobasy. – Astana, 2007.
4. Alikberova L.YU, Stepin B.D. Zanimatel'nye zadaniya i effektivnye opyty po himii. – M.: Drofa, 2002.
5. Zaprudskij N.I.Sovremennye shkol'nye tekhnologii-2. – Minsk: Ser-Vit, 2010. – 252 s.
6. Khalyapina L.P. (2017) Current trends in teaching foreign languages on the basis of CLIL // Teaching Methodology in Higher Education. Vol. 6. No 20. P. 56–52.
7. Ibragimov G.I. Konceptsiya sovremennogo uroka // SHkol'nye tekhnologii. – 2008. – №2. – S. 48–52.

8. Ағынова М.Д. Belsendi оқу арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы I Том. – Атырау, 2021. – 239 б.

9. Isabekova G.B., Dүjsenova N.T., Ahmetova A. Germaniyanың bilim beru zhүjesindegi CLIL tekhnologiyasynың қазirgi zhaғdajyna salystyrmaly taldau // YAsau universitetiniң habarshysy. – 2019. – №2. – B. 71–80.

10. Bilim berudi damytu strategiyasy zhәne halyқaralық yntymaқtastyқ departamenti. Qazakstan Respublikasyndaғы bilim zhәne ғылым atty aқparattyқ-statistikalық materialdar zhinaғы. – Astana, 2005. – 46.

11. Әlimov A.Қ. Interbelsendi оқу әdistemesin mektepte қoldanu: Оқу құралы. – Astana: «NZM» DBBҰ Pedagogikalық sheberlik ortalyғы, 2014.

12. Myrzabayly A. Himiyanу оқу әdistemesiniң pedagogikalық negizderi. – Almaty: Mektep, 2004. – 163-166 b.

Д.Р. Онтагарова¹, М. Ахметжанова¹

Использование методов, приемов и технологий в формировании навыков и умений языковой компетентности учащихся

¹ Университет им. Шакарима
г. Семей, Республика Казахстан

D.R. Ontagarova¹, M. Akhmetzhanova¹

The use of methods, techniques and technology in the formation of skills and abilities of students' language competence

¹ Semey University named after Shakarim,
Republic of Kazakhstan, Semey

Аннотация. В предлагаемой статье рассмотрены методы и технологии формирования навыков языковой компетентности учащихся по химии. Дифференцированный метод обучения, способствует формированию языковых компетенции в системе образования и изменению качества знания. Изучено содержание методов и технологий формирования навыков языковой компетенции и дидактические возможности обучения химии, которые обновляются в соответствии с требованиями времени. Формирование у учащихся навыков языковой компетенции по предметам естественно-научного направления, в том числе химии, имеет свои особенности.

Трёхязычие позволяет обучающимся стремиться к глобальным изменениям, обмениваться информацией, расширять мировоззрение и осваивать достижения науки и технологии глубже. Эксперимент, проведенный с такой целью, поможет в будущем правильно организовать самостоятельную деятельность в процессе их подготовки в становлении личности. В результате эксперимента были определены результаты уровневых показателей по четырем умениям обучающихся в использовании методов фронтальной, групповой, индивидуальной работы.

Для подготовки личности необходимо наблюдать за состоянием организации самостоятельной деятельности учащихся. Показана эффективность методов, применяемых при формировании навыков языковой компетенции у учащихся, сочетающих химию на трех языках.

Ключевые слова: языковая компетенция, метод, навыки, триединство, межнациональный, глобальный, эксперимент, категория, фронтальный.

Summary. The proposed article discusses the methods and technologies for the formation of students' language competence skills in chemistry. A differentiated teaching method contributes to the formation of language competence in the education system and changes in the quality of knowledge. The content of methods and technologies for the formation of language competence skills and didactic opportunities for teaching chemistry, which are updated in accordance with the requirements of the time, are studied. The formation of students' language competence skills in subjects of the natural sciences, including chemistry, has its own characteristics.

Trilingualism allows students to strive for global changes, exchange information, expand their worldview and master the achievements of science and technology more deeply. An experiment conducted for this purpose will help in the future to properly organize independent activities in the process of their preparation in the formation of personality. As a result of the experiment, the results of level indicators were determined for four skills of students in using the methods of frontal, group, individual work.

To prepare the individual, it is necessary to observe the state of organization of students' independent activities. The effectiveness of the methods used in the formation of language competence skills in students combining chemistry in three languages is shown.

Keywords: language competence, method, skills, trinity, interethnic, global, experiment, category, frontal.

Zh.D. Karashasheva

*College of the Toraighyrov University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan*

ALTERNATIVE (MATHEMATICAL) APPROACHES OF FUZZY LOGIC AND USE MATLAB PROGRAM MANAGEMENT

Summary. *The article examines the theoretical aspects of risk, underlying assumptions, risk classification. Analyzed of existing methods for determining the level of credit risk. Also considered the use of intelligent credit risk assessment methods, artificial neural networks, theory of fuzzy logic, methods of risk assessment based on artificial neural networks and the use of fuzzy logic in risk management issues. Proposed development of a credit risk assessment model based on fuzzy logic., defining criteria for determining a borrower's credit rating, development of a model architecture for credit risk assessment, development of a credit risk assessment model and testing the developed model.*

Keywords: *Mathematical approaches, fuzzy logic, MATLAB program.*

Today, many industries are risky and banking is no exception to this list. However, competent and constant management of various risks contributes to profit. Nevertheless, it is worth taking into account that the risks in the banking sector are objective indicators and that these risks cannot be completely eliminated even with the use of advanced technologies and systems.

It is worth noting that in modern realities, with the ever increasing complexity of banking services and products, with the use of new data processing and storage systems, new different types of risk occur. Also, the entry of Kazakhstan banks into the international system of banks leads to the emergence of new types of risk. As an example, we can consider the emergence of new types of operational risk; they are directly related to equipping new equipment and various programs. Based on the foregoing, it can be concluded that in order to reduce risks in the banking sector and reduce its level to acceptable parameters, a systematic and universal improvement in the quality of management is necessary, as well as the introduction of modern automated systems for assessing these risks.

As you know, the theory of fuzzy sets was developed in the sixties of the last century. And its first foundations were presented in scientific journals and scientific articles. The theory of fuzzy logic or it is also commonly called the theory of fuzzy sets is a kind of new approach to the description of business processes. It is worth noting that this approach is used when there is some uncertainty that makes it difficult or precludes the use of the most accurate quantitative methods and approaches.

Let's look at the main differences of this method. In the theory of fuzzy sets, linguistic variables have been used, that is, those variables that are difficult to describe using mathematical terms. In other words, this is when a particular indicator is difficult to imagine in the form of an exact quantitative value. As an example, we can consider such concepts as «small» and «medium». This can be applied to small and medium-sized businesses. Either the term «high» or «low», in this example we can consider the indicator of the interest rate. Note that these indicators do not have a clear boundary and therefore cannot be represented by an exact mathematical description. In the above examples, a variable whose values are words or sentences is accepted as a linguistic variable.

When the question arises: what is the interest rate on the loan is low, several possible answers. For example, you can assume that an interest rate of less than seven percent is low, eight to fifteen is average, and above sixteen is high. As you can see from the example, the boundaries between these representations are fuzzy, blurred.

To the main tool of the method under consideration is the membership function, which is a tool for translating linguistic variables into a mathematical term, which is used for further use of the fuzzy set method.

Figure 1 shows the membership function for the variable «high interest rate». The X-axis shows the interest rate values, and the Y-axis shows the values of the membership

function «high interest». On the graph, a value of 1 corresponds to the adopted 16% and higher, as was adopted above this is a high interest rate. A value of 0 corresponds to a low interest rate, that is, it is below 7%. In the figure, the membership function $\mu_A(X)$ is a certain mathematical function that determines the degree or certainty with which the elements of a set X belong to a given fuzzy set A . The more the argument X corresponds to the fuzzy set A , the larger the value $\mu_A(X)$, that is, the closer the value of the argument to one.




Figure 1. Membership function for the variable «high interest rate»

To date, there are different types of membership functions. The main types of membership functions include: triangular, trapezoidal, piecewise linear, Gaussian distribution, sigmoid. There are two groups of construction methods according to expert estimates of membership functions of a fuzzy set $\mu_A(X)$, these are direct and indirect methods.

It is worth noting that a fuzzy set is a certain set that contains a collection of elements of arbitrary magnitude. If the processes are too complicated for analysis and if the application of generally accepted quantitative methods is complicated, for example, when the data are inaccurate and have uncertainty, then the use of fuzzy control is most acceptable. In systems using fuzzy logic, it is possible to solve problems with decision making, pattern recognition, classification, and so on.

It is known that when applying direct methods, the expert directly sets the rules for determining the values of the membership function $\mu_A(X)$ that characterize a given element x . For example, representing a membership function by a table, graph, or

mathematical relationship. The negative qualities of this group of methods include a large share of subjectivity.

As for indirect methods, then the values of the membership function are chosen so as to satisfy pre-defined conditions.

This group of methods includes: the construction of membership functions based on pairwise comparisons, using statistical data, based on rank ratings, etc.

It is worth noting that fuzzy logic is a generalization of ordinary Boolean logic, which has found application in digital circuit design. Fuzzy forecasting methods only mimic the arguments and judgments of experts, that is, they are not intended to determine the exact mathematical model.

Based on the analysis of scientists' work, it is possible to identify the main properties that fuzzy sets should possess: this is normality, this is unimodality and convexity.

Today, a fairly wide selection of various programs is known where fuzzy logic is used. One such software product is MATLAB. To create a forecasting model based on fuzzy logic, the software product MATLAB was selected. This is due to the availability of experience in MATLAB and its availability, as well as the great computing capabilities of this software package.

When scientists talk about fuzzy logic, they mean fuzzy inference systems. These systems are the basis of various expert and management processes. Here are the main stages of fuzzy inference: the formation of a base of rules for a fuzzy inference system; fuzzification of input parameters; aggregation; activation of subconditions in fuzzy production rules and defuzzification.

Figure 2 shows the main stages of fuzzy inference.

Consider all of these steps. The first is the formation of a fuzzy inference system rule base. This stage is one of the key stages, since the accuracy of the final result depends on what rules are applied. The process of forming the base of rules for fuzzy inference is a formal representation of the empirical knowledge of an expert. The final result depends on the knowledge and experience of the expert.

Often, the rule base takes the form of structured text: Rule_1: If «Condition_A1» or «Condition_B1» THEN «Effect_C1».

Rule_2: If «Condition_A2» or «Condition_B2» THEN «Consequence_C2»...
Rule_n: If «Condition_An» or «Condition_Bn» THEN «Effect_Cn», where «Condition_A1», «Condition_A2», ..., «Condition_An» and «Condition_B1», «Condition_B2», ..., «Condition_Bn» are the input linguistic variables, «Corollary_C1», «Corollary_C2», ..., «Corollary_Cn» are the output linguistic variables.

Input and output linguistic variables are considered defined if membership functions are defined for them. Figure 2 shows the stage of formation of 3 groups of rules, where membership functions are defined for each variable.




Figure 2. Stages of fuzzy inference

The next step is fuzzification of input parameters. The word fuzzification should be understood as the process of finding the membership function of fuzzy sets based on ordinary source data. Here a correspondence is established between the numerical value of the input variable and the corresponding linguistic variable.

According to the example in Figure 2 input variable A is three, and variable B is eight. The accepted scale is from zero to ten, where the rating shows the «low» and «excellent» characteristics of the described parameter, respectively.

After the fuzzification step, the aggregation step follows. At this stage, it is necessary to determine the degree of truth of each of the subclauses for each of the rules of fuzzy inference systems.

Each stage is important because the quality of the result depends on the correctness of the approach. At this stage, one fuzzy set is created, which will be assigned to each output variable for each rule. Here the operations of minimum or multiplication are used.

When you activate the subconditions in the fuzzy production rules, the fuzzy subsets assigned to each output variable are combined together to form one fuzzy subset for each variable.

At the last stage of defuzzification, the obtained results of all output variables at the previous stages of fuzzy inference are converted to the usual quantitative values of each of the output variables.

Defuzzification of a fuzzy set $C = \int_{[x,x]} \mu_A(x) / x$ by the method of center of gravity is carried out according to the formula.

$$c = \frac{\int_{\underline{x}}^{\bar{x}} x \times \mu_A(x) dx}{\int_{\underline{x}}^{\bar{x}} \mu_A(x) dx} \quad (1)$$

This mathematical dependence can be represented graphically. A graphical representation of this formula is to find the center of gravity of a flat figure, which is limited by the coordinate axes and the graph of the membership function of a fuzzy set. Figure 3 shows an example of the result of defuzzification.




Figure 3. The results of defuzzification

Using the fuzzy set method provides several advantages, as it allows you to: include qualitative variables in the analysis; operate with fuzzy input data; operate with linguistic criteria; quickly simulate complex dynamic systems and compare them with a given degree of accuracy; overcome the shortcomings and limitations of existing methods for

assessing project risks. Based on the conclusion made in the future, fuzzy logic will be used to develop a model for assessing credit risk.

The developed model was tested on the basis of the Matlab program. The fuzzy logic technique is one of the most important machine learning methods used to assess credit risks. The use of fuzzy logic in the financial sector allows us to solve problems that are often influenced by many different and complex factors that cannot be labeled with a clear number or process. Despite the complexity of creating a rule base, models based on fuzzy logic can quickly and efficiently solve complex problems, which is uncharacteristic of traditional probabilistic mathematical models.

REFERENCE

1. Selyanin V.E. Development of models and tools for analyzing credit risk based on fuzzy neural network technology / V.E. Selyanin // Abstract of thesis. for the degree of Ph.D. – Volgograd : Volgograd State Technical University, 2007. – 208 p.
2. Golden R. M. Mathematical methods for neural network analysis and design. – Cambridge, Massachusetts: The MIT Press, 1996. – 420 p.
3. Macculloch W.A logical Calculus of Ideas Immanent in Nervous Activity / W. Macculloch, W. Pitts // Bull. Mathematical Biophysics, 1943. – Vol. 5. – P. 115-133.
4. Leonenkov A. Fuzzy modeling in MATLAB and fuzzyTech / A. Leonenkov. – St. Petersburg: BHV-Petersburg, 2003. – 736 p.
5. Fuzzy Logic Toolbox. Manual. 1994-2006 The MathWorks, Inc. <http://www.mathworks.com/access/helpdesk/help/toolbox/fuzzy/index.html>
6. Tanacheva Yu. N. Application of neural networks in financial risk management / Yu. N. Tanacheva, V.V. Kukartsev // Information technologies and mathematical modeling in economics, engineering, ecology, education, pedagogy and trade. – 2013. – No. 6. – P. 125-130.
7. Uakhitova A.B. Application of various methods for risk assessment of investment projects / A.B. Uakhitova, A.Zh. Mussina // International Scientific and Practical Conference «Modern Trends in the Development of Countries and Regions-2018». – Tyumen, 2018. – V. 2. – P. 16-18.
8. Uakhitova A.B. Analysis of existing methods for determining the level of credit risk / A.B. Uakhitova, A.Zh. Mussina // International scientific-practical conference «XI Toraiyrov readings. – Pavlodar, 2019. – V. 6. – P. 176-180.

ӨОЖ 371.132
МРНТИ 14.35.17

З.Ш. Шавалиева, А. Сламбекова

*¹ Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Zulyas580plm@mail.ru*

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби-педагогикалық даярлығының сапасын бағалаудағы негізгі үрдістер қарастырылды. Оқытушылар және студенттер тұлғалардың кәсіптік-педагогикалық даярлығын бағалауды жүзеге асырды, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіптік-педагогикалық даярлық деңгейін бағалаудың принциптері негізделген, өлшемдері, деңгейлері мен әдістері әзірленді, жұмыс берушілер тарапынан олардың сараптамалық бағалауы жүргізілді.*

***Тірек сөздер:** педагогикалық үдеріс, жұмыс берушілер, оқытушылар, студенттер, тұлғалар, бағалау, қағидалар, өлшемдер, деңгейлер, сараптама.*

Елбасымыз «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес, ЖОО мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігі туындауда. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында билікпен белгіленген стратегиялық мақсаттар, білім беру іс-әрекетінің приоритеттерін түбегейлі өзгерту және өз бетімен іздену дағдыларын дамыту ағымына бағыттауды ұйғарады. Осыған орай, университеттік білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жаңа идеяда, жаңа тұрғыда қарастыру мәселесі туындап отыр.

Кәсіби білімге қатысты, Э.А. Тихонов атап өткендей, бағалау-критериалды сапа жүйесін өзінің дамуының ішкі және сыртқы, объективті және субъективті факторларын есепке ала отырып, оның барлық кіші жүйелерін қамтитын күрделі педагогикалық объектінің төрт аспектілі (болжамдық, қалыптастырушы, бағалау, нәтижелі) үлгісінен тұратын интеграцияланған пәнаралық санат ретінде қарастыру қажет [1, 6 бет].

Кәсіби даярлықтың талап етілетін сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін өлшемдер мен көрсеткіштерді негіздеу, әзірлеу және пайдалану проблемасының негізгі аспектілері бойынша педагогикалық ғылымдағы жетістіктеріне қарамастан, оның қазіргі жай-күйінің деңгейі білім беру процесіне қатысушыларға нақты шешімдер ұсынбайды.

Н.В. Абрамовтың пікірінше, бұл жағдай келесі себептерге байланысты:

1. Білім беру парадигмаларын ауыстыру кәсіби білім берудің мақсатын және жаңа факторларды ескеретін өлшемдер жүйесін өзгертеді.

2. Квалиметриялық қоғамдастыққа қатысушылардың жетістіктері, егер олар зерттелетін объектінің сапалық сипаттамасын (кәсіптік-педагогикалық даярлықты), оған әсер ететін ішкі және сыртқы байланыстарды, оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы мен байланысын көрсететін жағдайда ғана кәсіби педагогикаға ауыстырылуы мүмкін.

3. Нарықтық экономиканың білім алушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін, саналы кәсіби өзін-өзі айқындауды, кәсіптік ұтқырлықты, жағдайларға бейімделуді дамыту үшін оқыту процесінде кәсіби шеберлік пен дағдыларды қалыптастырудан акцентті ығыстыруда көрінетін білікті кадрларды даярлауға қойылатын талаптары.

4. Кәсіптік білім беру сапасы проблемасының дамымауы, білім беру процесінен шығуда талап етілетін сапаға қол жеткізу дәрежесінің тұтас бағалау-критериалды жүйесінің болмауы [2].

